

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ  
және ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 187 (9764) 1955 жылғы 20 сентябрь Сейсенбі

Шығуына 36 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

## Егін жыйнау мен астық дайындаудың шешуші кезеңі

Облысымыздың колхозшылары, МТС, совхоз жұмысшылары мен механизаторлары егін жыйнау мен астық дайындаудың ең шешуші кезеңін бастап өткізуде. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар мен егіншілер бұл күндері еңбек қарқынын бұрынғыдан да арттырып, егін жыйнау мен астық дайындауда күрделі табыстарға ие болды.

Тоқшын, Торанғұл, Петропавл, Аманкелді, «Заря» совхоздары, Петропавл ауданының Сталин атындағы, Мамлют ауданының «Индустрия», Жданов атындағы колхоздары және басқа көптеген шаруашылықтар егін жыйнауды толық аяқтады. Егін жыйнауды толық аяқтаумен бірге мемлекетке астық тасыру жоспарын орындаған шаруашылықтардың саны да күн санап көбейе түсуде. Ондай озат колхоздар мен совхоздар астық дайындау жөніндегі міндетті жоспарды орындап қана қоймай, мемлекетке әлі де астық тасыруда.

Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозы (председателі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Е. Боушенев жолдас) егін жыйнау мен астық дайындауды толық есеп айырысты. Бұл артельде мемлекетке 11 мың центнердей бидай өткізді. Колхоз мемлекетке астық тасыру жоспарын орындаумен бірге, МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу жөнінде де толық есеп айырысты. Бұл артельде мемлекетке астық тасыру қарқыны әлі де бөсеңдеген жоқ. Колхозшылар мен механизаторлар астық қырмандарында астық тазалауда, шештіруде күндіз- түні бірдей өнімді еңбек етіп, мемлекет қоймаларына астықты көптеп жөнелтуде.

Маленков атындағы совхоз да егін жыйнау мен астық дайындау жұмысын тыңғылықты ұйымдастырды. Мұнда ең алдымен комбайн агрегаттарының тоқтаусыз өнімді жұмыс істеуі, қырманда астықтың тез тазартылып шештірілуі, сөйтіп, ол астықтың дереу дайындау орындарына жөнелтілуі қамтамасыз етілді. Жұмысты бұлай ұйымдастыру совхоздың дайындау орындарына 400 мың

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының қырмандарында жүздеген центнер астық жатыр. Осыған қарамастан аталған колхоздардың басқармалары соңғы күндері дайындау орындарына астық жөнелтуді тоқтатып қойған. Бұл жағдай аудандық партия комитеті (секретары Свєрзунов жолдас) мен Совет аткомы (председателі Живулина жолдас) әбден мәлім. Бірақ аудан басшылары қырманда жатқан астықтың дереу дайындау орындарына жөнелтілуі жөнінде ешбір шара қолданбай отыр.

Алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздар мен МТС-тердің егін жыйнау мен астық дайындауда қол жеткен табыстары облысымыздың барлық колхоз, совхоздарында бұл аса маңызды науқанды таяудағы күндер ішінде табысты аяқтауға мүмкіншілік жеткілікті екендігін дәлелдейді. Олай болса, егін жыйнау мен астық дайындауды тез арада табысты аяқтауға барлық жұш- мүмкіншіліктерің жұмылдырылуы керек. Ең алдымен егін орудың тез аяқталуына қамтамасыз еткен жөн. Өйткені өндірі жерде егін оруды көшіктіру— егіннің көп шығынға ұшырауына жол беру деген сөз. Егін оруды тез аяқтау үшін комбайндардың тәулігіне 20—22 сағат тоқтаусыз жұмыс істеуіне жетісу керек. Комбайндардың техникалық себептермен тоқтап қалуына жол бермеумен бірге, бункерлерден астық көтаруды да кідіріссіз үлгілі ұйымдастыру керек. Өйткені соңғы кезде комбайндардың бункерлерден астық көтаруды нашар ұйымдастыру салдарынан көп тұрып қалу фактілері жиі кездесіп жүр.

Астық дайындау жоспарының табысты орындалуы көбінесе қырмандағы жұмыстың үлгілі ұйымдастырылуына байланысты. Сондықтан колхоз, совхоздар мен МТС басшылары қырманда астық тазарту және шештіру жұмыстарының қарқынды және сапалы жүргізілуін үнемі қамтамасыз етіп, бұл жұмысты өз бақылауларына алулары керек.

Жергілікті партия, совет ұйымдары астық тасымалдау жұмысына күнбе-күн

## Совет-Финляндия келіссөздері

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошиловтың және Финляндияның Президенті Ю. К. Пааскивигдің арасында 16 сентябрьде қол аспаған келісімге сәйкес, 17 сентябрьде Москва уақытымен таңертеңгі сағат 11-де Москвада, Кремльде, екі елдің арасында орнап отырған достық қатынастарды оған әрі дамытып, нығайтуға қатысты бар мәселелер жөніндегі келіссөздер оған әрі жүргізілді.

Совет жағынан келіссөздерге қатысқандар: ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н. С. Хрущев, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары М. Г. Первухин, ССРО Сыртқы Істер министрінің орынбасары В. С. Семенов, ССРО-ның Финляндиядағы Төтенше және Полномочилі Елшісі В. З. Лебедев.

Финляндия жағынан келіссөздерге қатысқандар: Финляндияның Премьер-Министрі У. К. Кекконен, Финляндияның Қорғаныс Министрі Э. Скуг, Министр Г. Свєнто, Финляндия Сыртқы Істер министрінің статс-секретары Р. Сеппяля.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин мәлімдеме жасады. Финляндия Республикасының Премьер-Министрі У. К. Кекконен жауап мәлімдеме жасады.

Мәлімдемелерден кейін пікірлер алысыпты.

Келісі мәзіліс 19 сентябрьде таңертең болады.

## Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегацияларының келіссөздері

17 сентябрьде Москва уақытымен сағат 16-да Москвада, Кремльдің Үлкен Сарайында, Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы арасындағы достық қатынастарды дамытып, нығайту мақсатымен жасалатын бұдан былайғы қадамдар туралы мәселе жөнінде Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегацияларының келіссөздері басталды.

Совет Одағы жағынан келіссөздерге: ССРО Одағы Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н. С. Хрущев, ССРО Сыртқы сауда министрі П. Г. Кабанов, ССРО Сыртқы істер министрінің орынбасары В. С. Семенов, ССРО-ның Герман Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі Г. М. Пушкин, ССРО Сыртқы істер министрінің үшінші Европалық бөлімінің меңгерушісі С. Г. Лапина қатысуда.

Герман Демократиялық Республикасы жағынан келіссөздерге: ГДР Премьер-Министрі Отто Гротевольд, ГДР Премьер-Министрінің орынбасары Вальтер Ульбрихт, ГДР Премьер-Министрінің орынбасары Вилли Штоф, ГДР Премьер-Министрінің орынбасары Отто Нухме, ГДР Премьер-Министрінің орынбасары және Сыртқы істер министрі Лотар Болц, ГДР мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі Бруно Лейтнер, Герман Демократиялық Республикасының ССРО-дағы елшісі Веганнес Кенч, ГДР Халық Палатасының сыртқы істер жөніндегі Комиссиясының Председателі Петер Флорин, демократиялық Германияның Ұлттық майданының Ұлттық Советі Президиумының Председателі Эрих Корренс, демократиялық шаруа партиясының бас секретары Бертольд Розе, либералдық-демократиялық партияның бас секретары Манфред Герлах, делегацияның секретары елші Фриц Гроссе қатысуда.

Келіссөздер ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің мәлімдемесімен басталды.

Совет -Финляндия келіссөздері (1-бет).  
Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегацияларының келіссөздері (1-бет).

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошиловтың ГДР-дің Премьер-Министрі О. Гротевольді қабылдауы (1-бет).

Н. А. Булганиннің ГДР-дің Премьер-Министрі О. Гротевольді қабылдауы (1-бет).

ЕГІН ЖЫЙНАУ ТЕЗ АЯҚТАЛЫП, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫ МІНСІЗ ОРЫНДАЛСЫН. Э. Лутченко. — Комбайншылар съезі қарсаңындағы жарыста. С. Қалиев, — Бірінші парыз өтелді (2-бет).

ПАРТИЯ ТАҚЫРЫБЫНА. М. Демьянова. — Партия ұйымы және техникалық прогресс (2-бет).

С. Бейсенбаев. М. Байқанов. Комбинат клубы (3-бет).

Т. Төкенов, С. Қалиев. — Шошқа шаруашылығын өркендетудің зор резервтері жете пайдаланылсын (3-бет).

К. Кан. — Галымдардың колхоз өндірісіне көмегі (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: (3-бет).

Советтік «Туашсе» танкерінің басып алынғаны туралы мәселе жайында ТАСС-тың хабары. «Правданың» редакциясына (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

## ПАРТИЯНЫҢ XX СЪЕЗІ ҚҰРМЕТІНДЕГІ ЖАРЫС

### Облыс колхоздары үшін

Коммунист Афанасий Тимошин жолдас басқаратын вагон депосының ағаш өңдеу цехы социалистік жарыста үздік алды келеді. Цех адамдары СОКП XX съезі құрметіндегі еңбек вахтасына тұрып, өндірісте еңбек өнімділігін оған әрі арттыра түсті. Мұндағы озат жұмысшылар: слесарьлар Степан Сулов, Тагир Вазагуллин, ағаш шебері Георгий Шербинин және станокта істеуші София Денисова жолдастар өндірістік тапсырмаларын едәуір асыра орындап жүр.

Ағаш өңдеуші цех коллективі июль айында Солтүстік Қазақстан облыстық ауылшаруашылық басқармасынан 180 вейлжаны қайта жабдықтауға заказ алған еді. Бұл вейлжалардың барлығына да зернопульт және мотор орнату қажет болды.

### Озат шәфەر

Мағышар Сағынбаев жолдас кәзір Преснов ауданының Киров атындағы колхозында шофер болып істейді. Ол бұл мамандықта 20 жылдай істеп, автомобиль жүргізудің шын мәніндегі шебері болып алған.

Өткен жылы колхоз жаңадан «ГАЗ-51» машинасын алып, Сағынбаев жолдасқа бекітін берген еді. Өз міндетіне жауаптылықпен қарайтын шофер бұл жаңа машинамен де 35 мың тонна-километр жол жүрді.

Колхоз быйылғы жылы 100 бастық сыйыр қорасын, 150 бастық бұзау қорасын және сыйымдылығы 3 мың центнерлік астық қоймасын сала бастаған кезде, колхоз шофері Мағышар Сағынбаев жолдас астық еңбегі ерекше көзге түсті. Ол

Цех коллективі өздерінің ішкі резервтері мен мүмкіндіктерін есептей отырып, бұл аса маңызды ауылшаруашылық зақанын белгіленген мерзімнен он күн бұрын орындап беруді ұйғарды. Вейлжаларды қайта жабдықтауға арнаулы үш комплект бригада ұйымдастырылды. Бұл бригадаларды өндірісте тәжірибесі мол озаттар Степан Сулов, Андрей Фурфев және Яков Карамышев жолдастар басқарды.

Партияның XX съезін лайықты өндірістік тартумен қарсы алуға социалистік жарысты өрістете жүргізген бригадалар күн сайын екі-үш норма орындады. Көзір колхоздарға арналған вейлжалар түгелінен қайта жабдықталып, пайдалануға берілді.

М. СТЕПАНОВ.

колхоздан өте қанық жерлерден құрылыс материалдарын тасымалдау ісін күні- түні бірдей жүргізіп, құрылысшылардың өнімді еңбек етуін қамтамасыз етті.

СОКП XX съезі құрметіне лайықты тартумен келуді ұйғарған шофердің егін жыйнау мен мемлекетке астық тасыру маусымындағы қол жеткен табысы да атап айтарлықтай. Ол автомобильді жоғары күтімде ұстап, ұзақ жол жүру, жұқ тасымалын тездеті берудің озат үлгісін көрсетті. Көзір ол комбайндардан қырманға, қырманнан мемлекеттік астық дайындау орындарына жаңа егіннің өнімін тасымалдап, тәулігіне тапсырмадан артық рейсе жасап жүр.

С. ҚАНАФИН.

### Сатушылар үлесі

Полудин ауданындағы Раевка селолық тұтынушылар қорамының коллективі еңбекшілерге қалайша есептеу жүргізуде

ның Ворошилов атындағы бөлімшеде дүкен сатушысы болып істейтін Шербатов жолдас партияның XX съезі құрметіндегі



Совхоз астық дайындау жоспарын 25 сентябрьге дейін толық орындап шықпак.

Алайда, облыс колхоздары мен совхоздарын тұтас алғанда егін жыйнау мен астық дайындау қарқыны мүлде қанағаттанғысыз болып отырғандығын ашық айтуымыз керек. Өлі күнге дейін облыстың бірде-бір ауданының мемлекетке астық дайындау жоспарын орындай алмағандығы, тіпті өткен бескүндікте бірде-бір ауданның астық дайындау жөніндегі графикті де орындай алмағандығы бұл шікімізге толық дәлел бола алады. Егін жыйнау мен астық дайындауда, әсіресе Совет және Преснов аудандары мейлінше артта қалды. Совет ауданының колхоздарында егіннің жартысынан аз-ақ асамай жыйналды. Аудан колхоздарында астық дайындау жайы бұдан да мұншалық. Совет ауданының колхоздары мен совхоздары өткен бескүндікте мемлекетке астықты одан бұрынғы бескүндіктегіден әлдеқайда көп тасырды.

Бұл ауданның «Борьба за коммунизм», Молотов атындағы, «Красное поле» және

Бұл күндері астық тасымалдау жұмысының көлемінің ұлғаяы оны ұйымдастыруға баса назар аударуды талап етеді.

Ауданның партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары егін жыйнау мен астық дайындаудың ең шешуші участюктеріне коммунистер мен комсомолецтерді жіберіп, бұл аса жауапты кәсіпке егін жыйнау мен астық дайындау жөнінде алда тұрған міндеттің табысты жүзеге асырылуын қамтамасыз етегіні болсын.

Облыс колхоздары мен совхоздарының егін жыйнау мен астық дайындауды ең таяу күндерде аяқтап, мемлекетке көп астық беруге, қажетті қорларды жасауға және колхозшылардың еңбекшүніне көп астық бөлуге мүмкіншілігі бар. Міндет—егін жыйнау мен астық дайындаудың осы ең шешуші кезеңінде барлық күш-мүмкіншілікті сарқа пайдаланып, егін жыйнау мен астық дайындау жоспарының ең таяу күндерде орындауын жетілеу.

## Бесжылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

ТЕМІРТАУ, (ҚазТАГ). СОКН ХХ съезін лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарыса отырып, ССРО Электр станциялары министрлігінің Теміртаудағы жөндеу-механика заводының коллективі еңбекке жаңа табыстарға жетті. Коллектив товарлы өнім шығару жөніндегі бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Бесжылдықтың басынан бері завод жоспардан тыс үш миллион сомнан аса табыс алды. Жұмысшылардың еңбек өнімділігі 72 процент артты. Бұл жылдарда металшылар жаңа өнімнің жүзге дейінгі жаңа түрін шығаруды меңгерді. Заводтың маркасы бейнеленген арматура мен запас бөлшектерді еліміздің барлық дерлік бу электр станцияларынан кездестіруге болады. Кәсіпорынның өнімі халықтың демократия елдеріне жөнелтіледі.

Заводта техникалық прогресс жолындағы күрес күшейді. Мұның нәтижесінде өндіріс алаңының көлемі ұлғайтылмағанын өзінде өнім шығару сегіз айдың ішінде 25 процент артты.

## Алтыншы бесжылдықтың жоспарларын жасауда

ОРАЛ, (ҚазТАГ). Оралдың заводтары мен фабрикаларында алтыншы бесжылдыққа арналған өндірістік жоспарлар жасалуда. Жұмысшылар, инженерлер, техниктер, қызметшілер жаңа техниканың негізінде кәсіпорындарды онан әрі өркендетуге бағытталған көптеген бағалы ұсыныстар енгізуде.

Землячка атындағы былғары зауытында көптеген өзгерістер жасалады. Мұнда автомат линия жасау, мәнерлеу жұмыстарының бәрін үдемелі әдіске көшіру, лақпен боялған былғары шығаруды меңгеру белгіленуде. Алтыншы бесжылдық

ОРАЛ, (ҚазТАГ). Қазақ ССР-нің қалалық және селолық құрылыс министрлігінің жөндеу-механика заводы бесжылдық программаны мерзімінен бұрын орындады. Кәсіпорын бұйымдардың жаңа түрлерін: жылжымалы ұста көріктерін, автомобиль тіркемелерін шығаруды меңгерді. Бетон араластырғыштар мен көтергіш кранлар шығаруға өзіндік жүргізуде.

Бесжылдықтың ішінде жұмысшылардың еңбек өнімділігі бір жарым есе артты. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы слесарь Павел Костерин бесжылдықтың басынан бері сегізжылдық норма орындады. Ол—белсенді рационализаторлардың бірі. Жұырда ол «ДТ—54» маркалы тракторлар моторының шатундарын жөндеуге мүмкіндік беретін тетік конструкциялады. Бұл жаңалықты енгізу заводқа жылына 80 мың сом үнем береді.

Кәсіпорынның коллективі жылдың аяғына дейін жоспардан тыс 2,3 мың сомның өнімін беруді ұйғарды.

жылдарында еңбек өнімділігі екі есе артты.

ССРО Совхоздар министрлігінің механика заводының коллективі өндірісті механикаландыруға және автоматтандыруға зор көңіл бөлуде. Мұның есебінен бесжылдықта еңбек өнімділігін 60 процент арттыру белгіленді. Завод трактор бөлшектерін жөндеуге, автомашиналарды күрделі жөндеп қалпына келтіруге маманданатын болады. Мұныммен бірге автотөбенін тасымалдау мен жетілдірілген универсал-жону станоктерін шығаруды өдеуірт арттыру белгіленуде.

Шікірлер алысылғаннан кейін келесі мажліс 19 сентябрьде таңертең болады деп келісілді. (ТАСС).

## ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели К. Е. ВОРОШИЛОВТЫҢ Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі О. ГРОТЕВОЛЬДЫ қабылдауы

17 сентябрьде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели К. Е. Ворошилов Кремльде Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі О. Гротевольды қабылдады.

О. Гротевольд жолдастың қасына ГДР Үкімет делегациясының мүшелері—Премьер-Министрдің орынбасарлары В. Ульбрихт, О. Нушке, Премьер-Министрдің орынбасары және ГДР Сыртқы Істер Министрі Л. Болың еріп келді.

Қабылдауда ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. М. Пегов, ССРО Сыртқы Істер министрінің орынбасары В. С. Семенов, ССРО-ның Герман Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі Г. М. Пушкин болды.

Қабылдау кезінде К. Е. Ворошилов О. Гротевольдмен және Герман Демократиялық Республикасы Үкімет делегациясының мүшелерімен шын пейілді достық жағдайда әңгімелесті. (ТАСС).

## Н. А. БУЛГАНИННИҢ Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі О. Гротевольды қабылдауы

1955 жылғы 17 сентябрьде ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі О. Гротевольд жолдасты және ГДР Үкімет делегациясының мүшелері—Премьер-Министрдің орынбасарлары Вальтер Ульбрихт, Отто Нушкені, Л. Болыңты қабылдады. Қабылдауда мұныммен қатар ССР Одағы Сыртқы Істер министрінің орынбасары В. С. Семенов және ССРО-ның Герман Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі Г. М. Пушкин болды. (ТАСС).

## ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. А. БУЛГАНИННИҢ Финляндияның Премьер-Министрі У. КЕККОНЕНДІ қабылдауы

17 сентябрьде ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин Финляндияның Премьер-Министрі У. Кекконен мырзаны қабылдады. Қабылдауда ССРО Сыртқы Істер министрінің орынбасары В. С. Семенов болды.

## ТЕХНИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



социалистік жарысқа қосылып, товар айналымы жоспарын мейлінше тездеті түсті. Еңбекшілерге қызмет етудің жоғары мәдениетіне жетті. Ол өткен август айында еңбекшілерге 20 мың сомның товарын сатудың орнына, 35200 сомдық азық-түлік және өнеркәсіп товарларын сатып, товар айналымының айлық жоспарын 176 процент орындады. Сергеевка бөлімшесінің дүкен сатушысы Ковалевская жолдастың да товар сатудағы көрсеткіші бұдан кем түспейді.

Селолық тұтынушылар қоғамына қарайтын дүкендер мен магазиндердің сатушылары сауда мәдениетін арттыра отырып, еңбекшілерге қызмет ету ісін жақсарта беру үшін қажырлы күрес жүргізуде.

Т. ҚҰЛАТАЕВ,

Раевка селолық тұтынушылар қоғамы-

Полудин ауданы.

## Тындағы темір жол магистралі бойында

Марьевка селосынан 100 километр қашықтықтағы Октябрь ауданының тың игеруші совхоздары өсірген астықты қабылдайтын Қайранкөл станциясында жаңа пункт жұмыс істей бастады.

Бұл пунктті салушы құрылысшылар коллективі жаңа егіннің астығын қабылдап, мемлекеттік астық қоймаларына үздіксіз жөнелтіп отыруды қамтамасыз ету үшін көп еңбек сіңірді. Пункттің алаңында автоматты таразылар, жетілдірілген машиналар, астық тиетін, түсіретін механизмдер орнатылған. Сол сыяқты мұнда жақсы жабдықталған лаборатория жұмыс істейді.

Быйыл ғана пайдалануға берілген Қурган-Пески темір жолындағы Қайранкөл станциясы аралық ірі станцияның біріне жатады. Бұл Докучаев атындағы астық совхозына ең жақын станция. Көзір тың жердегі жаңа магистральда тасымал тасқыны күшейе түсті. Қайранкөл станциясына бұл күндері Докучаев атындағы, Тимирязев атындағы, Интернационал, Хрущев атындағы және Степной совхоздарынан астық тиелген көруендер дамылсыз келуде.

Р. ҚАСЫМОВ.

Металл кесетін станоктардың экспериментальдік ғылыми-зерттеу институтында автоматты жолдарға орналасуға арналған шестернелерді өңдеу үшін шевинговальді станок құрылды. Жаңа станокта барлық өндіріс процесі автоматтандырылған.

СУРЕТТЕ: (сол жақта) жаңа станоктың авторы инженер-конструктор Э. А. Аниин станокты байқаудан өткізгеннен кейін көріп тұр.

Горькийдің В. М. Молотов атындағы автомобиль заводы «М—72» маркалы жаңа жеңіл автомобиль жасап шығара бастады. Жаңа машина тас жолмен сағатына жылдамдықты 100 километрге дейін үдете алады.

СУРЕТТЕ: (оң жақта) «М—72» жеңіл машинасы.

(ТАСС-тың фотохроникасы).



# Егін жыйнау тез аяқталып, астық дайындау жоспары мінсіз орындалсын



## Бүгін күн алда

Маленков атындағы астық совхозы тыңда өткен жылы ұйымдастырылған шаруашылық. Совхоз коллективі 24 мың гектардай тың көтеріп, партиямыздың ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде алға қойған міндетін аброймен орындау күресіне келелі үлес қосқан-ды. Совхоз коллективі быйыл тыңға түгелдей тұңғыш рет егіс егін, көпшілік участоктерден мол өнім жыйнады.

Егін жыйнауда барлығы 72 комбайн, комбайндардан қырмандарға астық тасуда 60 автомашина үздіксіз жұмыс істеді. Коллектив мүшелерінің егіншілік мәдениетін арттыру күресіне күш-жүмкіншілікті жете пайдалана білуі нәтижесінде кеше совхозда 23852 гектар егін жыйналып, дәнді дақылдарды жыйнау толық аяқталды. Егін жыйнауда комбайншы Иван Марков жолдас зор табысқа жетті. Ол бір «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 30-35 гектар егін жыйнап отырды. Оның барлық жыйнаған егіні 650 гектар. Комбайншы Иван Зайцев жолдас та айтарлықтай табысқа ие болды. Ол маусымда 580 гектар егін жыйнап, тапсырманы артығымен орындап шықты.


Совхоз коллективі мемлекетке астық тапсыруды да үлгілі ұйымдастырып отыр. Кәзірдің өзінде бұл совхоз мемлекетке 400 мың пұтқа жуық астық өткізді. Совхоздың астығы элеваторға жақында ғана пайдалануға берілген тар табанды темір жол арқылы жеткізілуде. Астық дайындауда шоферлер Юрий Ткачев, Иван Коллин жолдасар қажырлы еңбек егін жүр. Олардың күнделікті жұмыс көрсетіші үнемі 160—170 процент.

Совхоз жұмысшылары мен механизаторлары партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, астық дайындауды 25 сентябрьге дейін толық орындап шығуға міндеттеніп отыр. Сонымен бірге олар келесі жылдың егісіне қажетті тұқымды жеткілікті мөлшерде әзірлеп алды.

Егін жыйнаудан босаған тракторлар дереу зябь жыртуға кірісті.

## Бірінші парыз өтелді

Полудин ауданындағы «Иламя революция» колхозының қолхозшылары өздерінің барлық күш-жүмкіншіліктерін егін



Будан бір ай бұрын Петропавл МТС-нің бақылаушы-механигі М. Ким жолдас кезекті демалыс алған болатын. Ол өзінің демалысын үйде босқа өткізгеннен гөрі егін жыйнау жұмыстарына қатысып, колхозға көмек көрсетуді ұйғарды. Сөйтіп тіркеудегі «Сталинец—6» комбайнымен жұмыс істеп, «Луч Ленина» колхозының 700 гектар егінін жыйнады. СҮРЕТТЕ: М. Ким жолдасдың агрегаты. Дөңгелектің ішіндегі М. Ким жолдас. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Комбайншылар съезд қарсаңындағы жарыста

Будан МТС-нің көптеген комбайншылары партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, соңғы күндері еңбек өнімділігін еселеп арттырты. Олар жұмыс уақытын тиімді пайдалану, машиналарға техникалық күтімді жақсарту арқылы егін жыйнауда өкі-үш норма орындап жүр.

Өзгеше комбайншы Анатолий Бавбан жолдас ерекше көзге түмуде. Ол егін жыйнауға көмектесу үшін Жамбыл облысынан келген комбайншы Бавбан жолдас өзінің көмекшісі Ефимов жолдаспен «Страна Советов» колхозында қажырлы еңбек егін жүр. Ол соңғы күндері агрегаттың тәулігіне 20 сағат тоқтаусыз жұмыс істеуіне жетісіп, 30—45 гектардай егін жыйнап келеді.

Бавбан жолдас Булан МТС-ге қалғанға дейін Жамбыл облысында 650 гектар егін жыйнаған болатын. Кәзір ол бізде 300 гектардан астам егін жыйнады. Бізбен әңгімелескенде ол былай деді:

—Агрегаттың еңбек өнімділігін арт-

тыруға үлкен үлесімді беріледі. Түркі тамақтанар кезінде мені көмекшім, ал оны мен ауыстырамын. Осылайша тракторшылар да көздерінен отырады. Сөйтіп агрегат түсік үзіліс кезінде тоқтаусыз жұмыс істейді.

Осы сияқты, Украинадан көмекке келген комбайншы Донченко жолдас та «Новый путь» колхозында бір «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 25—30 гектар егін жыйнап жүр. Ол соңғы бес күнде 200 килограмм жавар, жағар малын үнемі деді. Донченко жолдас быйылғы маусымдық тапсырманы өкі есе орындау үшін күресуде.

Ақтөбе облысынан келген комбайншы И. Уренов жолдас Сталин атындағы колхозда еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Ол өзінен жүретін комбайнмен 9 гектар орнына, 15—18 гектар егін жыйнайды және жағар малының 8—10 процентін үнемі деді.

Еліміздің басқа облыстарынан көмекке келген бұл комбайншылардың өнімділігі еңбектің өсіп келе жатқан

## Лепірді де басылды

Егіннің дәні балауызданып, пісуге айналған кез. Қолхозшылар өздерінің маңдай терін сыпырып өсірген өнімді жыйнауға әзірленіп жатты. Колхоздың басқармасы да қамсыз болған жоқ. Ол егін жыйнау мен астық дайындаудың жоспарын жасап, қолхозшылардың бекітуіне ұсынуға әзірленді.

—Ой, пәле-ай, ештеңе емес! Егімізді он шақты күннің ішінде-ақ жыйнап аламыз, —деп лепірді колхоз председателі Әбілдин жолдас.

Әбілдин жолдасдың бұлай лепіруіне негіз де бар сияқты еді. Ол МТС-тен колхоздың егінін жыйнауға 19 комбайнның бөлінгенін біле беріп болатын. Сонымен бірге комбайндардан астық қотаруға автомашина жөнінде де көмек көрсетілетіндігіне құлақ қарып қылған-ды.

Егін жыйнау маусымы басталды. Колхоздың егін жайында 6813 гектар жайқалған егін жөз тұндырып тұрды. Күткен 19 комбайн да келді.

Содан кейін ше? Егін жыйнау он шақты күн ішінде аяқталды ма? Әрине жоқ. Өйткені колхоз председателі Әбілдин және осы Жданов атындағы колхозды қамтығаны Николаев МТС-нің директоры Әуелбеков жолдасар жұмыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ комбайндарды жұмысқа толық қосып, олардың қуатының сарқа пайдаланылуын қамтамасыз етпеді. Олар тыпты бірер-саран комбайндардың техникалық жарамсыздығына да көңіл аудармады.

Әуелде астық қотаруға машина жөнінде көмек болады деп дәмеленген Әбілдин жолдас комбайндардан астық қотару үшін колхоздың өз транспортын әзірлемеді. Осының салдарынан біралай комбайн агрегаттары астығын қотаратын транспорты күтін қалып жүрді. Ал кейбір комбайншылар транспорт көп уақыт келмесінше астықты аңызға төгетін болды. Бұл, әрине, біралай астықтың шырапқа ұшырауына әкеліп соқты.

Қысқасы, колхозда егін жыйнау ұзақ созылып отыр, бірқатар егіс алаңдарының дәні сабақта тұрып, жерге түсіп жатыр. Колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын әлі орындаған жоқ.

Егін жыйнаудың алғашқы кезінде лепіре сойлейтін Әбілдин және Әуелбеков жолдасардың да өкінісі су есепкендей басылды. Қайта еңбекші Әбілдин жолдас

## Қырғыз ССР малшылары делегациясының Қазақстанда болуы

БЕЛЫЕ ВОДЫ, (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Түркия Республикасы делегациясының құрамында Қазақстанға келген Қырғыз ССР малшыларының бір тобы Сайрам ауданының колхоздарындағы қоғамдық мал шаруашылығының жайын тексерді.

Қонақтар «Победа» ауылшаруашылық артелиінде фермаларды аралап көрді, малдың өнімділігімен және оның жүтулу жағдайларымен танысты. Олар сауыншылар Дударева, Кучменко және Тихониса жолдасардың жұмыс әдістерін зор ынтамен сұрастырып үйренді. Бұлардың зұқайсысы әрбір сыйырдан быйылғы жылы 1600—2400 килограмм сүт сауыды.

Делегация малды асылдайдыру жұмысының сапағын тексергеннен, ауылшаруашылық өндірісі озаттарының тәжірибесі нашар насихатталатынын атап көрсетті. Колхоздың партия ұйымы мал шаруашылығын өркендетуге аз көңіл бөледі. Мұның өзі фермаларда небәрі 7 коммунист қана жұмыс істеп отырған жағдайға өкеліп соқтырған. Делегаттар колхозшыларға бизыс жүнді қой шаруашылығының Қырғызстанның көптеген артельдерінде мол табысты шаруашылық саласына айналғанын хабарлады. Ол артельдер әрбір бизыс жүнді қойдан жылына 120 сомға дейін табыс алады. Қырғызстанның малшылары колхозда малды бұрынғыдан да асылдандыра түсу

көрсеткігі жөнінен кеңес берді, мұнда қылаш жүнді қойлар әлі де отарлық елеулі орын алып келеді.

Чкалов атындағы ауылшаруашылық артелинің шошқа фермасында елеулі кемшіліктердің беті ашылды. Мұнда малды күтуде жауапсыздыққа жол берілген. Шошқа өсірушілер малға берілетін азық-түзін мөлшерін, төрай өсіру жөніндегі тапсырмаларды, қосымша ақы алудың ережелерін білмейді.

Колхозшылардың өтініші бойынша «Йуантөбе» совхозының директоры Калашников жолдас мол өнімді шошқа шаруашылығын ұйымдастырудың тәжірибесін айтып берді. Бұл шаруашылықта малды күтудің және азықтандырудың ғылыми негізделген әдістері қолданылады. Совхозда шошқаға беру үшін жыл сайын жастай шабылған беле дайындалады. Ол туралған күйінде концентрат жемішпен араластырылып шошқаға беріледі.

Қырғыз малшылары сайрамдықтардың қайырағалары сыланған трапшеларда жүгері сурлеу тәжірибесін үйренуді ұйғарды. Қонақтар колхоздарда сыйыр қоралардың, бұзау қоралардың, басқа да мал қораларының құрылымы жөнінен өріс алғанын атап өтті.

Делегаттар мұнымен қатар колхоздардың мақта егінін, бауларын, жүзімдіктерін, селолық мәдени-тұрмыстық мекемелерді көрді.

## Үлкен семьяның қуанышы

КОСТАНАЙ, (ҚазТАГ). Аманжолді МТС-і бригадирінің көмекшісі Ким Хен Дюн мен «Красный партизан» артелинің колхозшысы Домна Нойдың үйінде үлкен қуаныш болды. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Домна Нойға «Ардақты ана» деген құрметті атақ берілді. Семьяшы күтбеқтауға оның туыстары мен осы селода тұратындар келді.

Ерлі-зайыпты Ким Хен Дюн мен Домна Нойдың 9 қызы және 1 ұлы бар. Тұңғыш қызы Анна 27 жаста, ең жемісесі Ульяна бір жасқа шықты. Анна совет саудасы техникумын бітіріп, Гурьевте жұмыс істейді. Екінші қызы Гая

Костанай медицина училищесін бітіргеннен кейін Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының «Перво мая» колхозында медицина пунктін меңгеруде. Ұлы Роман Совет Армиясы қатарында. Бес қызы мектепте оқиды.

Үлкен семья молшылық өмір сүреді. Оған мемлекет, колхоз, МТС көмек көрсетуде. Семья басы —жақсы механизатор. Ол еңбегіне қызық табады. Өткен жылы еңбекақысына бес тоннадан аса астық, алты тонна өмш, 22 мың сом сом ақша алды. Кәзіргі кезде жарты жылдағы жұмысы үшін ғана колхоз Ким Хен Дюнге аванс ретінде 15 центнер өмш, ширек тонна астық берді.

## Селодағы мәдени-ағарту мекемесіне жұмыс істеуге келді

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Облыстық мәдениет басқармасының жаңында село кітапханашыларын даярлайтын курс жұмысын аяқтады. Онда қаланың орта мектептерін бітіргендер оқиды. Олар бір айдың ішінде кітапхана ісі, әдебиеттану жөнінде

ЛКЖО Орталық Комитетінің үндеуіне Новошұльба ауданының орта мектептерін бітіргендер қызу үн қосты. Аудандық мәдениет бөлімі селолық клубтарға және кітапханаларға быйылғы жылы мемлекеттік аттестат алған 10 жігіт пен қыз жі-



жыйнауды үлгілі аяқтау, мемлекетке астық тасыру жоспарын мерзімінен бұрын орындай шығу күресіне жұмылдырған-ды. Екін жыйнауға, астық дайындауға техника күші неғұрлым тиімді пайдаланылды.

Осының нәтижесінде 16 сентябрь күні қолхозшылар мемлекет алдындары бірінші парыз — астық дайындау, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу және мемлекетке астық сату жоспарларын толық орындай шықты. Қолхоз мемлекетке қазірдің өзінде 5 мың пұтқа жуық астық сатып отыр.

Бұл қолхоздың қолхозшылары партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты өрістетіп отырып, келесі жылдың өгісіне жер өзірлеу, тұқым дайындау жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізуде.

**С. ҚАЛИЕВ.**

тыру қожанышының өзге бастандығы. Егер комбайншы машинаның жақсы сағат механизміндегі қалтқысыз жұмыс істеуін, агрегатта еңбектің дұрыс ұйымдастырылуын, жұмыс уақытының әрбір минутын жете пайдаланылуын қамтамасыз етсе, онда ол еңбекте сөзсіз зор табысқа ие болады. Мен агрегаттың жұмысын осылайша ұйымдастырып отырмын да. Бізге жанар, жағар май, су, тиісті түскі тамақ агрегаттың жұмыс істеу

жөнінде аяқтау — елімізде астық өндірісінің шұғыл өркендеуі күресіне иеленіп үлес қосатындығын жете түсінгендіктерінен және партиямыздың XX съезіне лайықты өндірістің тартулар өзірлеу үшін жауаптай еңбек етуімінен деп түсіну керек.

**В. ЛУТЧЕНКО,**

**Булаев МТС-нің кадр жөніндегі инспекторы.**

## Нақтылық көмек

Ленин атындағы МТС № 4 трактор бригадасының механизаторлары егін жыйнауда Приенім ауданының «Бостандық» қолхозының қолхозшыларына нақтылық көмек көрсетіп келеді. Бригада мүшелері комбайндарды неғұрлым тиімді пайдалануда. Әресе комбайншы А. Омаров жол-

дастың еңбегі ерекше көзге түседі. Ол өзінің көмекшісі Қанафин жолдасымен 400 гектардан артық егін жыйнады. Ол кей күндері еңбек өнімділігін 28—30 гектарға жеткізді. Осы сыяқты, комбайншы Ф. Фоос жолдас та еңбек озаты.

**М. ҚАРИЕВ.**

ты қызығатынын сол қолхоздың қыр-манышта мыңдаған центнер астық жаттыр. Ал оны дайындау орындарына тез жөнелтуде ол дәрменсіз жүр. МТС-тен астық тазартуға келген «ВИМ» машиналарының еңбек өнімділігі төмен. Олар 350 центнер орнына, 100—150 центнерден ғана астық тазалайды.

Ал Әуелбеков жолдас болса, оны осы жолдасары № 9 бригаданың жайытым қызығатынын отыр. Мұнда 7 комбайнның алтауы сынып тұр. Бірақ сол комбайндарды тез жөнелтіп, іске қосу орнына, Әуелбеков жолдас «қызылұмен» күн өткізіп келеді.

Егін жыйнау мен астық дайындауды қызығатын түрде көшеуілетіп отырған «өлх» және МТС басшыларынан аудандық ұйымдардың жауапкершілік талап ететін уақыты жеткен сыяқты.

**Б. ЕЛЕУСІЗОВ.**

лыстық кітапхана жанында практикадан өтті. Күрс бітіргендердің бәрі селолық жерлердегі кітапханаларда жұмыс істеуге жүрін кетті.

Селодағы мәдени-ағарту мекемелеріне жұмысқа баруға шақырған Қазақстан

## Жаңа ет комбинаты

**ҚАРАҒАНДЫ (ҚАЗТАҒ).** Мұнда жаңа ет комбинаты іске қосылды. Ол—Қазақстандағы аса ірі тамақ кәсіпорындарының бірі. Бес қабатты орталық корпусқа қолбаса цехтары, тоңызатқыш, тамақ жарылмай фабрикаларының цехы орналасқан.

Комбинат техниканың ең соңғы жаңалықтары бойынша жабдықталған. Автомат конвейерлер, ет борапайтын электр аралар, май қайнататын жетілдірілген котелдер орнатылды.

ма, Абай, Бородулиха және басқа аудандық мәдениет бөлімдеріне жастардан селодары мәдени орындарда тұрақты жұмыс істеуге жіберуді сұраған көптеген өтініштер түсіп жатыр.

Жаңа кәсіпорын орналасқан ауданда сәулетті үйлері бар жұмысшы поселкесі өсіп. Туртоправтарға арналған қонақ үй, тұрмыс қажетін өтейтін корпус салынды.

Ет комбинаты жас ет пен қолбасаға қоса күн сайын 1.000 килограмм сибирь пельмендерін, жүз мың ет аралас піррожок, 75 мың Москва котлетін, ет жарылмай фабрикаларын шығаратын болады.

## Партия тақырыбына

# Партия ұйымы және техникалық прогресс

Үстеміздегі жылы комбинат бастауын партия ұйымы жұмысшылар коллективін ішкі резервтерді сарқа пайдалануға, өндірісті оған әрі өрге бастыруға, шығарылатын өнім сапасын жақсартуға жұмылдырып, бірқатар жұмыстар жүргізді. Жұмыстың бұл саласында көптеген инженерлер, техниктер, мастерлер, сондай-ақ өндіріс озаттары-жұмысшылар асқан белсенділік көрсетті. Олар өндірістің тікелей жауапты учасқтерінде істей отырып, ондағы жетістіктерді, кемшіліктерді күнделікті тексеріп, істің жағдайларымен жете танысып отырды. Коммунистер мен инженер-техник қызметкерлер және озат жұмысшылар техниканы жетілдіру, еңбек өнімділігін арттыру, жұмыс орынын тиімді пайдалану жөнінде көптеген аса бағалы ұсыныстар айтты. Ол ұсыныстардың көпшілігі өндіріске енгізілді де.

Өнімнің өзіндік құнын арзандату, еңбек тәртібін нығайту, өнім сапасын жақсарту жөнінде партия ұйымы бірнеше рет техникалық конференция, өндірістік жыйналыстар өткізді. Ол техникалық конференциялар мен өндірістік жыйналыстарда технологиялық процесс жөнінде көптеген мәселелер талқыланды. Мұндай конференциялар мен жыйналыстардың іске аса зор пайдасы болды. Өндіріс озаттары жұмысшылар өздерінің жұмыс әдістерін айтып, тәжірибелерін ортаға салды. Еліміздің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарында болып қайтқан комбинат өкілдері ондағы алдыңғы қатарлы технологиямен, жаңа жұмыс әдістерімен танысты. Мұның өзі олардың жұмысты жақсартуға түсінуіне мүмкіндік берді.

Партия бюросы және шаруашылық басшылары бірлесіп отырып, өндірісті оған

әрі жетілдіре түсу мақсатымен алдыңғы қатарлы, ең бағалы, ең құнды деген ұсыныстарды өндіріске енгізу жөнінде арнаулы қарар қабылдады. Жыл басынан бері комбинаттың барлық цехтарына аса бағалы 27 ұсыныс өндіріске енгізілді. Бұл өндіріске енгізілген жаңалық ұсыныстардың өзі мемлекетке 60 мың сом пайда келтірді. 14 ұсыныс бұл күндері сынақтан өткізілуде. Тауу күндері ішінде бұл ұсыныстар да өндіріске кеңінен енгізіліп, мемлекетке мыңдаған сом пайда келтіретіндігі сөзсіз.

Консерв жасау цехының жұмысшылар коллективі жұмыстың барлық процестерін дерлік ескі әдістер бойынша істеп келген еді. Ал ескі әдістермен жұмыс істеу еңбек өнімділігін арттыруға айтарлықтай үлес қоса алмай, жоспар толық орындалғанмен көптеген мүмкіншіліктер жүзеге асырылмай, шикізат, отын, электр қуаты, қол күші, өндіріске көп жұмсалып, комбинат мүддесіне едәуір зиян келді. Осы жағдайлардың барлығын ескере отырып, цех партия ұйымы (секретары Александр Молахов жолдас) ашық партия жыйналысында еңбек өнімділігін арттыру, рационализаторлық ұсыныстарды өндіріске енгізу және өнім сапасын жақсарту жөнінде мәселе қойды. Цехтың ашық партия жыйналысына коммунистерден басқа комсомолдер, партияда жоқ жолдасар көптеп қатысты. Жыйналыс зор өндірістік өрлеу үстінде, сын мен өзара сын дәрежесінде қызу өтті. Жыйналымға қатысушы жолдасар көп еңбегін көп керек ететін ауыр жұмыстардың механизациялануына, еңбек өнімділігін арттыруға көп нәтиже беретін рационализаторлық ұсыныстардың өндіріске тез енгізілуін сөз етті.

Коммунистер Греднев, Шадокая тағы басқа жолдасар дайын консерв банкелерін штабельдеп жыйнауда, банкелеріне этикетка жапсыруда, қоймадағы шикізат өнімді цехқа жеткізуде, оның керісінше цехтары дайындалған өнімді қоймаға жеткізудегі жұмыстарды түгел механикаластыруға болатындығын, ал бұл жұмыстар механикаластырылатын болса, бірнеше жұмысшылардың қол еңбегінен босатылатындығын дәлелдеп берді. Осындай ашық партия жыйналыстар басқа цехтарда да болып өтті. Партия бюросы техникалық прогресті оған әрі дамыту мақсатымен комбинат басшыларының алдына жұмысшылар ұсынған осы пікірлерді тез орындау керектігі және оны жүзеге асыру жөнінде тілек қойды.

Консерв жасау цехының барлық бригадаларында өкі айдан кейін жұмыстың 60 проценті механикаластырылды. Оған мысал ретінде слесарь Сергей Степанович Лозенко жолдастың ұсынған жаңалығын алайық. Бұрын тотығыш каррозияға ұшыраған банкелерді 20-ға жуық жұмысшы бір-бірімен қолмен тазалайтын еді. Әрбір тазаланатын банкелге норма бойынша бір грамм вазелиннің орнына, 5—6, кейде 10 грамм дейін вазелин шығын болатын. Ал қазір Лозенко жолдастың банкелерді тазалайтын автоматты жана машинасы жұмысшыларды ауыр еңбектен толық құтқарып, 8—10 жұмысшы қолын басқа учасқтерге ауыстыруға мүмкіндік берді. Ал мұндай рационализаторлық ұсыныстар цехта көптеп енгізілуде.

Бастауын партия ұйымы комбинаттары техникалық прогресті ала бастыру мақсатымен еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын арзандату, өнім

сапасын жақсарту жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізіп келеді. Ол үшін еналды мен комбинатта социалистік жарыстың қалай өрістетелі жайына тоқтала кету керек. Жыл басынан бері қалай комбинаттағы жұмысшылар мен бригадалар арасында, цехтар мен сменалар арасында социалистік жарыс кең құлаш жайды. Жарысушы әрбір бригада, цех, смена және жете жұмысшы өздерінің алдына өнім сапасын жақсартуды, өнімнің өзіндік құнын арзандатуды, шикізатты үнемдеуді, электр қуаты мен материалдар шығынын азайтуды негізгі мақсат етіп қойды.

Комбинат коллективі арасында социалистік жарыстың әсеріне қызу өрістетелі жезекі СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан кейінгі күндерден бастап болды. Барлық бригадаларда, цехтарда, сменаларда «Мінсіз сапалы өнім шығарушы бригада» және «Таңдаулы маман» деген құрметті атаққа ие болу үшін күрес жүшейе түсті. Социалистік жарысқа цехтардағы бастауын партия ұйымдары басшылық жасап отырды. Бұл күндері комбинатта «Мінсіз сапалы өнім шығарушы бригада» атағына ие болған бригадалар көптеп саналады. Соның бірі ет сығу бөлімшесіндегі коммунист А. Кашин жолдас басқаратын бригада коллективі болып отыр. Бригада бұл құрметті атаққа өз міндеттемесін асыра орындап, өнім сапасын 100 балдан төмен түсірмегендігі үшін ие болды. Осы сыяқты «Мінсіз сапалы өнім шығаратын бригадалардың» қатарына шұжық жасау цехындағы Надежда Винникова, жәшік жасау цехындағы Федосия Анохина жолдасардың бригада коллективін атап өтуімізге болады.

Біздегі социалистік жарыстың бір формасы — «Таңдаулы маман» деген атаққа ие болу үшін күрес мықтап өріс алды. Өйткені социалистік жарыстың бұл әдісі

де техникалық прогрестің қарқынды болуына айтарлықтай әсер етеді. Өткен сегіз ай мерзім ішінде комбинаттағы 50-ге жуық жұмысшыға «Таңдаулы маман» деген атақ берілді. «Таңдаулы маман» атағын алу үшін жұмысшы күндік нормасын үнемі 200 проценттен асырып, өнім сапасын 97 балдан төмен түсірмеуі керек. Ал осындай «Таңдаулы маман» атағын үзбей алып, оны тұрақтылап отырған қаңылтыршы Максимов, томарь Стрежков, Мельников, балқытушы Иванов тағы басқа көптеген жолдасарды айтуға болады.

Партия ұйымы коллективтің социалистік жарысының барысын мұқият тексеріп, ол жарыстың қорытындысын әр ай сайын шығарып, озаттардың нәтижелі еңбектерін басқаларға насихаттап келеді. Партия комитеті комбинат басшыларымен бірлесіп, ақылдаса отырып, өзінің кеңейтілген мәжілістерінде социалистік жарыста озып шыққан цех коллективіне, сондай-ақ бригада мүшелеріне комбинаттың ауыспалы Қызыл туын тасемарады. Озаттардың тәжірибесі мен өндірістік қажырлы еңбектері қабырға газеттерінде, көрсеткіш тақталарында, «Молния», «Крокодил» беттерінде жарияланып тұрады.

Комбинат партия ұйымы шаруашылық басшылармен бірлесіп отырып, техникалық прогресті оған әрі дамыту жолында бірқатар жетістіктерге ие болды. Атап айтқанда комбинаттың сегіз айлық жалпы өнім шығару жоспары 119,8 процент, еңбек өнімділігі 111,3 процент болып орындалды. Комбинат коллективі техникалық прогресті жетілдіруде цехтарда машина мен механизмдердің тек сан жағынан ғана көп орналастырылуына емес, сонымен бірге шығарылатын өнім сапасын жақсарту жағынан да зор табыстарға ие болды. 1954 жылдың алғашқы сегіз айымен салыстырғанда үстеміздегі жылдық сегіз айы ішінде шы-

ғарылған өнімнің ақауы 4 процентке кеміді. Өткен жылы шығарылған өнімнің тең жартысы екінші, үшінші сортта шығарылған болса, биылғы өнімнің 60—70 проценті тек бірінші сорт есебімен ғана қабылданды. Бұл өріне, комбинатта техникалық прогрестің едәуір алға басып, өзінің игі нәтижесін берді деген сөз.

Жасмыратыны жоқ, комбинат партия комитеті, сондай-ақ цех партия ұйымдары техникалық прогресс жөнінде әлі де болса бірқатар аса маңызды шараларды жүзеге асыра алмай келеді. Дәлірек айтқанда, жұмысшылардың, инженерлердің, қызметкерлердің жаңалық ұсыныстарына дерезінде құлақ аса қоймаймыз. Олардың бағалы инициативаларын көшеуілдетіп барып жүзеге асырамыз. Рационализаторларға тапқан жаңалықтары үшін партия ұйымының тарапынан көрсетілетін көмек әлі де болса қанағаттанғысыз.

Екіншіден, мынаны да мойындауымыз керек: біздегі аса құнды ең бағалы ұсыныстардың чертеждері, схемалары жасалып, Бүкілодақтық техникалық бюросы кезінде жіберілмейді. Әрине, бұл кемшіліктер келешекте жойылып, техникалық прогресс жолында партия ұйымы өз басшылығын жақсартуға түсетін болады.

Комбинат коллективі партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты мұнан былай да кеңінен өрістетіп түсіп, еңбекте игі жетістіктерге жете береді. Партия ұйымы жұмысшылардың творчестволық инициативасын арттырып, СОКП Орталық Комитеті июль Пленумына алға қойып отырған талаптарды жүзеге асыруда комбинат коллективін табыстан табысқа бастай береді, коллективтің жетекшісі, ұйымдастырушысы болады.

**М. ДЕМЬЯНОВА,**

**А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинаты партия ұйымының секретары.**





★  
Октябрь ауданындағы «Трудовик» колхозында быыл тұңғыш рет малазындық қарбыз егілген болатын. Колхоз одан аятарлықтай мол өнім алғалы отыр.

СУРЕТТЕ: колхозшы И. Посохов малазындық қарбыздың өнімдерін байқап тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.



## Комбинат клубы

Қаладағы А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинатының клуб үйі өз жұмысын комбинат жұмысшыларының өскелең рухани тілектеріне сай жүргізіп келеді. Бұл клуб жұмысшылардың дем алатын шың мәніндегі мәдени орталығына айналған.

Мұнда кино көрсету ісі дұрыс жолға қойылған. Мәселен, киномеханик Ляльков жолдас өзінің міндетін аброймен орындап, үстіндегі жылдың сегіз айы ішінде жұмысшылар арасында ауыл шаруашылық, ғылыми, көркемсуретті фильмдерден 366 киносеанс өткізді. Озат киномеханик жұмысшыларды киномен қамту ісіне ерекше көңіл бөліп, өзі басқаратын киноаппараттың мүлтіксіз жұмыс істеуін үнемі бақылап отырады. Соның нәтижесінде киномеханиктердің жақынды болып өткен жарысында Ляльков жолдас алдыңғы қатарға шығып, облыстық өкешілер одағының грамотасын алды.

Клуб үйінде мұнымен қатар мәдени-көпшілік жұмыстарының басқа түрлерінің де жұмысшылардың тілегіне сай болуына ерекше көңіл бөлінеді. Облыстық саяси, ғылыми білімдер тарату қоғамы лекторларының жүйімен ай сайын лекциялар оқылып тұрады. Тек өткен айдың өзінде ғана мұнда «М. Горький—совет әдебиетінің негізін салушы», «Атом энергиясы туралы», «Шолоховтың өмірі және творчествосы» тақырыптарында лекциялар оқылды. Бұл лекциялардың көпшілігі жұмысшылардың өздерінің тілегі бойынша өткізілді.

Клубта бірнеше жылдан бері аспаптар оркестрі, хор, би, драма үйірмелері жұмыс істеп келеді. Бұл үйірмелерді А. Киселев, Т. Шапчаникова, Черпалыникова жолдасар басқарады. Ал үйірме мүшелерінің көпшілігі—өндіріс озаттары. Олардың жалпы саны өткен жылдары 50-60 адам ғана болса, қазір 112-ге дейін өсіп отыр.

М. БАЙҚАНОВ,  
С. БЕЙСЕНБÆВ.

# Шошқа шаруашылығын өркендетудің зор резервтері жете пайдаланылсын

Облысымыздың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары январь Пленумының қаулысын орындай отырып, шошқа шаруашылығын өркендетудің бай резервтерін тиімді пайдаланып отыр.

Мысалға Петропавл совхозын алуға болады. Бұл совхоздың коллективі шошқа өсіру ісіне айырықша маңыз беріп, өткен жылы барлық төрайлардың бордақылануына жетісті. Мал өсірушілер шошқаны бордақылауды зоотехникалық талаптарға сәйкес ұйымдастыра білді. Мұның өзі совхозда ет өндірісінің алып алыммен ұлғайына мүмкіндік беріп қана қоймай, совхоздың шошқа шаруашылығынан ақшалай табысының 1 миллион 240 мың сомға жетуін қамтамасыз етті.

Жөкелеген шаруашылықтарда әрбір мезгілінен жылдық табыс 3 мың сомнан асып отыр. Мамлют совхозында үстіндегі жылы әрбір мезгілінен 3527 сом, Соколов ауданының Молотов атындағы колхозында 2871 сом табыс алынды.

Алайда шошқа шаруашылығын өркендетуде соңғы жылдары елеулі кемшіліктерге жол беріліп келеді. Жөкелеген колхоздардың және совхоздардың басшылары бұл іске жете назар аудармайды, сөйтіп шошқа шаруашылығын өркендеуін қамтамасыз етпейді.

Төзуге болмайтын бір жағдай—шошқалардың көптен шығып болуына жол берілуі. Өткен жылы облыс бойынша барлық шошқаның төрттен бір бөлегі шығып болды. Жағдай үстіндегі жылы да осындай. Сол себепті ғана шошқа өсіру жоспары колхоздарда небары 64 процент, совхоздарда 78,2 процент қана орындалып отыр. Мемлекетке тапсырылып келген етте шошқа етінің үлес салмағы өте-өте аз.

Шошқа шаруашылығын өркендетуде мұндай кемшіліктердің орын алуының мәнісі неде? Атап айту керек, алдымен шошқа шаруашылығын өркендетудегі ішкі резервтер толық пайдаланылмайды.

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозы мен осы аудандағы «Новый быт» колхозының шошқа шаруашылығын өркендетуге мүмкіншіліктері бірегей. «Борьба за коммунизм» колхозында өткен жылы әрбір мезгілінен 2380 сом табыс алынаса, «Новый быт» колхозында әрбір мезгілінен алынған табыс 500 сом ғана болды. Бұл екі колхозда жағ-

дайдың екі түрі болу себебі неліктен? «Борьба за коммунизм» колхозының колхозшылары шошқа шаруашылығын өркендетуге қолда бар мүмкіншілікті жете пайдаланды. Мұнда алынған төрайлар шығынсыз өсіріліп, олардың көпшілігі бордақыланды. Ал «Новый быт» колхозында жағдай бұған керісінше болды. Мұнда барлық шошқаның 56 проценті шығынға ұшырады. Шошқаларды жем-шек семірту ұйымдастырылмады.

Шошқа шаруашылығын өркендеуі облыстың көп колхоздарында нашар. Осы уақытқа дейін көпшілік колхоздардың басшылары төрайларды өсіру және бордақылау ісіне мүлдем жауапсыз қарап келеді. Бұл жөнінде мысалға Соколов ауданындағы Сталин атындағы колхозды алуға болады. Бұл колхозда быыл мезгілінен 409 төрай алынды. Колхоз басшылары (председатели Карташов жолдас) 303 төрайды екі айлық мерзімде тірідей сатуды ұйымдастырған. Одан 21815 сом ғана табыс алынды. Бұл әрбір төрайдан колхозға түскен кіріс 72 сом ғана деген сөз. Егер 303 төрай алты айлық мерзімге дейін қолда күтіліп, тірі салмағы 50-60 килограммға жеткізілсе, онда колхоздың ақшалай табысы 7 есе көбейіп, ет өндірісі 8 есе ұлғайған болар еді.

Привет ауданындағы Куйбышев атындағы колхоз жөнінде де осындай айтуға болады. Мұнда 419 төрай бордақыланбастан 1—2 айлық мерзімде сатылды. Алғашқы 107 төрай небары 1729 сомға ғана сатылды. Соңғы рет сатылған 342 төрайдан 56707 сом ғана табыс алынды. Демек әрбір шошқадан кірген кіріс 139 сом ғана болды.

Бұл фактілер төрайларды жас күйінде сату тиімсіз екендігіне, ал төрайларды бордақылау колхоздың табысын молайтатындығына толық айтақ. Осы тұрғыдан да быыл облыс колхоздары мен совхоздарында шошқаларды бордақылау жөнінде тапсырмалар тарайындалды. Демек, әрбір колхоз және совхоз өздерінің мүмкіншіліктерін есептей келіп, шошқаларды бордақылауды жоспарлады.

Жөкелеген колхоздар мен совхоздар бұл іске айырықша көңіл бөлді. Осының нәтижесінде ондай шаруашылықтар мемлекетке ет есебіне көбінесе шошқа тап-

сырды. Алайда облыс колхоз, совхоздарын тұтас алғанда жағдай мүлдем нашар. Осы уақытқа дейін шошқаларды бордақылау колхоздарда 20,2, совхоздарда 36,1 процент қана орындалып отыр. Бұл жөнінде әсіресе Октябрь, Преснов, Ленин, Совет аудандарының колхоздары өте-өте артта қалып келеді.

Қазіргі міндет—шошқа шаруашылығын өркендету ісіндегі мұндай кемшіліктерді үздік-кесілді жою, ол үшін алдымен ішкі резервтерді жете пайдалану болып саналады. Колхоз, совхоз басшылары шошқалар тұратын қораларды жаңадан салуды және жөндеуді үлгілі ұйымдастыруға тиіс. Бірақ көп жерлерде бұл ескерілмей келеді. Мысалға Преснов совхозын алуға болады. Бұл совхоздың басшылары быылдан жаңадан төрт шошқа қорасын салуды жоспарлады. Не пайда, жоспар жасалған күйінде орындалуысыз қалды. Өлі сүнге дейін бірте-бірте қораның құрылысы басталған жоқ.

Көп жерлерде шошқаларды азықтандыру ісінде зоотехникалық ережелер ерекше бұрмаланып келеді. Мысалы, Соколов ауданындағы Сталин атындағы колхозда өткен жылы шошқаларға азық бұзандырылған берілді. Ол ол-ма, мұнда шошқаларды үсіген қартпен азықтандыру өтек алды. Мұндай жағдайда шошқа шаруашылығын өркендетуге болмайды. Колхоздар мен совхоздардың басшылары бұл мәселеге маңыз беріп, әрбір фермада азықты өзірлейтін кучиялардың болуын қамтамасыз етулері қажет. Сонымен қатар осы бастан кыс бойына қажетті азықтарды әзірлеп алу, отан дөңді дақылдардың ұшырыныптары мен отамалы дақылдардың өнімдерін пайдалану мәселелеріне жете назар аударған жөн.

Шошқа шаруашылығын өркендетудің тағы бір резерві—фермаларды асыл тұқымды шошқалармен жылма-жыл толық тырып отыру болып саналады. Облыс колхозтарында мұндай шошқалардың тұқымы жеткілікті. Сондықтан мал мамандары асыл тұқымды шошқаларды өсіру ісіне айрықша көңіл бөліп, мал өсірушілерді шошқа тұқымын асыздандыру ісіне бастай білуді керек.

Т. ТӨКЕНОВ,  
С. ҚАЛИЕВ.

## Редакцияға хат

### ОРЫНДЫ ТАЛАП

Алматы автомобиль тресінің бір топ шоферлары өгін жыйнау және мемлекетке астық тасыру жұмыстарына көмектесу мақсатымен Солтүстік Қазақстан облысына желген болатын. Олар бұл күндері астық тасуда қажырлы өнбек етіп те жүр. Бірақ бірқатар жерлерде олар үшін тұрмыстық қамқорлық жасалмай отыр.

Бұған мысал ретінде Преснов ауданындағы Баиян селолық тұтынушылар қоғамы Троицк селосында ашқан асхананың жұмысын алуға болады. Мұнда тамақтанушылар өздері қалаған тамақ алып іше алмайды. Өйткені менюдегі тамақтар көз бояу үшін асханада жоқ болса да, жазыла салынады. Шынында бұл асханада суғ пен жәшіден басқа тамақ болып та көрген емес.

Мына жағдайды айта кету керек, асханадағы тамақтар бағасы неге өккені белгісіз. 2-категориялы ресторан тамақтарының бағасы сыяқты. 30 процент қымбаттатылған. Оның үстіне мұнда официантика жоқ, етол, зал үнемі кір болып жатады. Ең ақыры етолдарды жабатын клеенка да жоқ.

Бұл сыяқты жағдай Мамлют, Борнеевқа селоларындағы асханаларда да орын алған. Ал астық тасып жүрген шоферлар бұл асханалардағы жұмыстың шұғыл жасандылығын орынды талап етеді.

Ш. СӘБИТОВ,

Алматы автомобиль тресінің инженері.

### Дүкендегі жолсыздықтар

Совет саудасының принципі қатаң сақтау—сатушылар үшін абройлы міндет. Бірақ Қошқов ауданындағы Ахметжан дүкенінің сатушысы Герман Берент бұл міндетті орындамай келеді. Ең алдымен дүкен көбіне жабық тұрады, немесе мезгілінде ашылмайды. Екіншіден, Берент жолдас дүкенге түскен қажетті товарларды тұтынушылардан жасырып алып қалады да, өзінің тамыр-тамыстарына, туыстарына сағады.

Мәселен, жуырда дүкенге түскен 360 килограмм ұнды сату нақ осылай жүргізілді. Ол тіпті тұтынушылардың қарсы болғанына қарамастан бір қап ұнды өз үйіне алып барды. Болмаса мына бір фактіні алайық: жуырда дүкенге толық клеенка, шөлі сыяқты товарлар жеткізілді. Ал, дүкенші Берент таңеренгі сағат 8-дің орнына 6-да дүкенді ашып, бұл товарларды өзінің туыстары мен тамыстарына сатып үлгерді.

Бұл сыяқты жолсыздықтар Берент жолдасының тарапынан жиі болып тұрады. Бірақ оған қатаң шара қолданып, совет саудасының тәртібін бұрмалаушыны жазалаған ешкім жоқ.

Н. АҚМЫРЗАЕВ.

## Ғалымдардың колхоз өндірісіне көмегі

В. И. Ленин атындағы ауылшаруашылық Ғылым Академиясы қазақ филиалының жеміш және жайылымдықтар инсти-

туты, халықтық селекцияда қорытынды алған түрлері де бар. Жүтері сорттарын өсірту жұмысының

қауға көп көңіл аударды. Қазіргі уақытта ғалымдар біржылдық өкпе шөптердің ішінде чумиза, могоар жә-



## КОНЦЕРТТЕР

Совет аудандық мәдениет үйінің мәдени-үгіт бригадасы бұл күндері ауданның сөххоздары мен колхоздарында концерттер беріп жүр. Оның репертуарында өнби, көркем сөз және сатиралық номерлер бар. Бригаданың алғашқы концерті «Красное поле» колхозының егін бригадаларында өтті. Егіншілер А. Столбовскийдің орындауындағы «Маяковскийдің «Советтік паспорт туралы өлеңі», хор

орындаған «Из края в край» атты тың жерді игерушілерге арналған өңді сүйсіне тыңдады.

Мәдени-үгіт бригадасы сол сыяқты «Борьба за коммунизм», «Новый быт», «Қазақстанның 30 жылдығы» және басқа колхоздардың бригадаларында да болып қайтты.

**Б. ЕРМЕКОВ.**

## Электр станциясы пайдалануға берілді

Соколов ауданының «Победа» колхозында жанадан салынған электр станциясы пайдалануға берілді. Бұл қырмандағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға мүмкіндік берді. Пилорама, колхоз дүрмені осы электр станциясының

күшімен жұмыс істейтін болды.

Бәзір колхозшылардың үйлеріне, мал фермаларына электр сымдары тартылуда. Енді аз күннен кейін колхозды деревняда Ильич шамдары жарқырай бастайды.

**К. ӘЛИЕВ.**

ғы жеміш отряды 1954 жылдан бастап малазындық дақылдар жөнінде Мамлют ауданындағы Мамлют совхозы мен Полудин ауданындағы Чкалов атындағы колхозда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

1954 жылдың қорытындысы Солтүстік Қазақстан облысының жағдайында жүгерінің «Славгородская» сорты тез пісетіндігін дәлелдеді. Бұл сорттың 48,7 процентінен собық алынаса, «Ворожецкая» сортынан 13,6 процент, «Жеребковская» сортынан 6,5 процент ғана собық алынды.

Жүгерінің «Жеребковская» сортына алынған собықта аздаған дәннің пісіп жетілгендігі байқалды және бұл сортты жүгерінің әрбір гектарынан көкше күйінде 438 центнер өнім жыйналды.

1955 жылы зерттелген жүгерінің 9 сортының ішінде жергілікті жерлерге

қолайлы жүгерінің сорттарын өсіру, одан тұқымдық дән алуға және көкше күйінде мол өнім жыйнауға жұмылдырылуда.

Жүгерінің сорттарын байқаумен бірге, ғылыми-зерттеу жұмысының назары әсіресе жүгеріден дән алуға аударылып отыр. Өйткені міндет — жүгеріден көкше күйінде ғана мол өнім алып қою емес, сонымен бірге жергілікті жерде одан тұқымдық дән де алуға жетісу.

Бұл мақсатқа жету үшін тұқымды себер алында бұрттыру керек. Сонымен бірге тұқымды көшеттерге өсіру, содан кейін егіс алаңына отырғызуды ұйымдастыру керек. Бұл да жүгеріден тұқымдық дән алуға көмектеседі.

Сонымен бірге ғылымдар зерттеу жұмысында жүгерінің минеральдық тыңайтқыштармен тыңайтуға, оның көкше күйінде өнім алуға қосатын үлесін бай-

туда. Сол сыяқты Қазақстандағы мал азығындық қауыстың жаңа дақылды өсірілуде. Бұл қауыстың бір ұясында 1,2 және 4 өсімдік болады.

Мамлют асыл тұқымды мал совхозында, Октябрь ауданындағы Киров атындағы колхозда және Преснов ауданындағы «Прибой» колхозында Мальцевтің әдісі бойынша өңделген жердің микробиологиялық қасиеттері зерттелуде.

Сонымен қатар жеміш отрядының коллективі Соколов ауданының Пушкин атындағы, Ленин атындағы, Киров атындағы, «Путь Ильича», Октябрь ауданындағы Киров атындағы және «Шит» колхоздарына жазғы уақытта жүгері егісін күтуде нақтылы көмек көрсетті.

**К. КАН,**

**ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты.**

*берсе*

## «Халық тілегіне сай қызмет етсе екен»

«Ленин туы» газетінің редакциясына түскен тілші хатында Астрахановка селолық тұтынушылар қоғамының дүжөпшісі Р. Кәрімовтың тұтынушылар тілегіне сай жұмыс істемейтіндігі, қызмет бабын пайдаланып, бағалы товарларды тамыр-таныстарына сататындығы айтылған-ды. Фактілерін анықтап, шара қолдану сұралып, бұл хат Совет аудандық тұтынушылар одағына жіберілген болатын.

Совет аудандық тұтынушылар одағының председатели Молчанов тілші хатындағы фактілердің анықталғандығын хабарлады. Кәрімов жұмыстан босатылып, оның қылмысты ісі заң орындарына танысырылды.

## КОЛХОЗДЫ СЕЛОНЫҢ ЖАСТАРЫ

... Ново-Александровканың оңтүстік-шығысы орай «Қыздың көлі», одан әрі жетке тізген мәржаңдай бір-біріне жалғаса «Ақсуат», «Қоңырлан» көлдері жатыр. Бұл сыртында, баяу аққан Есілге таяу колхоз жылқылары жайылып жүрсе керек. Бірде құлын-тайлардың кісінегені, бірде жылқышылардың өзара сөз қатысқаны құлаққа шағылып қалады. Одан ілкім әрірек, Петропавл-Марьевка үлкен жолында астық тартқан сансыз машинаның өткір жарығы қоюлана түскен тун қаранғылығын қақ жара, ұзаққа құлаштай түседі. Ал мына солтүстік-шығыста дамылсыз гүрілдеген тракторлар жер жырттып жүр. Тун қаранғылығы барған сайын қоюлана түссе де, колхоз даласының осынау сан кыйлы тіршілігін жасыра алмағандай.

Осерді көрініспен көңіл толдыған Лева Левитин өз сезімін «Қайнаған еңбек!» деген өкі сөзбен сыртына шығарды да, жолдасына қарады.

—Немене, Чернигов есіңе түсті ме, достым?

Сурақ қойған Алексей Омеляненко жердесінің көңілүйін айтпай-ақ ұқпаңдай болды.

—Ия, осы өңірді өзгерткен де еңбек. Сонау Черниговцинадан келген мақсатымыздың өзі құнарлы өлкеңі астық қоймасына айналдыру емес пе еді? Ал көзір... көрдің бе, өне! —Машина жарығын көрсетті де, иығына ілген баянның сол қолына алып, оң қолымен досының иығынан ұстады. —Қуан достым, аз болса да, еңбегіміз бар мұнда!

Лева Левитин мен Алексей Омеляненко Ново-Александровкаға бығыл көктемде ғана келген. «Тың жерлерге!» деген партия шақыруына үн қосқан комсомолдар Черниговтағы ауыл шаруашылығын меха-

никаландыру училищесінде тракторшы мамандығын меңгерді де, Қазақстанға жолдама алды. Шаруашылығы нығайып, іргесі бекіп қалған колхозға келгенде олар аз ренжіп те қалып еді. Мұндағы жұмыс оңай сыяқты көрінді оларға, жаңа совхоздарға барғысы келді...

Бірақ колхоз өмірімен, оның келешегімен, атқарылар істермен танысу Лева мен Алексейді колхоздағы қызу еңбекке бірден араластырып жіберді, бұрынғы аз кейістік ұмыт болды. Ал колхоз жастары жақсы баяншы, әлсіз өзімі мол Алексейді, ойын-сауыққа бірден еліге қоймайтын, бірақ өзінің салмақты, сыр жасырмайтын сүйкімді мінезімен жұрт көзін бірден түсетін Леваны өз орталарына алып, тез баурап кетті. Леваның кітапты көп оқығандығы мен ойлай сөйлейтіндігі, көбінесе көзілдірік киіп жүретіндігі қыздардың оны «Лева — профессор» атауына себеп болса керек. Ал Лева болса, олардың бұл қалжыңына тек қызара күлімсірей береді.

Екі жігіттің әлгі бір көріністі тамашалап өз қыялдарын ортаға салып тұрған сәтін әлдекімдердің дабыры бөліп жіберді. Олар тұрған көл жағасына біртөп қыз, жігіттер таяп қалып еді. Клубтан шыққан беттері болса керек, араларында кітапхананы Ғазез Балрожин, колхозшылар Эрика Ленц, Сара Әбілғапарова, Бәкіш Балтабаев, Вика Кунцмандар бар еді. Эрика келісімен Алексейді қолға алды.

—Біз мұны клубта күтсек, «профессорды» қолтықтап жалғыз сайран салғаны несі? — деп құрбы қыздарына қарап сықылықтай күлді. — Байандарын да ала шығыпты.

—Олде Черниговта қалған сүйіктілеріңді сағындыңдар ма? Қыздар, бұларға дема-

лыс бергізсек қайтер?.. Мүмкін, барып келерсіңдер?

Басқалар да мұны құптағандай күле берісті. Леваның ештеңе айта алмай, тек қызара бергенін байқаған Алексей:

—Іздегенің мен емес, осы шығар, Эрика, — деп бір тіз қатты да баянның тарта жөнелді.

—Бәсе, осылай болса керек еді ғой!.. Эрика бөгелмес ашық мінезімен билей жөнелді. Басқалары да оған қосыла кетті. «Қыздың көлі» жағасы түнің бірқатарына дейін сазды музыка мен шырқата салған ән әуеніне, көңілді күлкіге бөленіп тұрды. Бұл — мұндағы жұмыстан сон дем алған еңбек жастарының үні, әлімізде астық молшылығын жасаушылар үні еді...

Киров атындағы колхоздың председатели Владимир Емельянович Буянский колхоз жастарының қажырлы еңбегі жайында көп әңгіме айтты.

Колхоз шаруашылығы жыл өткен сайын өсіп, нығайып келеді. Бығыл мұнда 4500 гектар дәнді дақыл өсілген. Одан жыйпалып жатқан өнім де аз емес. Егіс көлемі өткен жылғыдан небары 400 гектар ғана арттырылса да, алынған астық біржарым есеге жуық көбеймек. Мал шаруашылығы да өселеп өркендеп келеді. Оны өркендетудің маңызды бір шарасы — берік жеміш отряды қорын дайындау екендігін тәжірибеден білетін колхозшылар мал азығын дайындау және жаңа қоралар салуды да ұйымшылдықпен жүргізді. Бығыл алғашқы рет жүгері егіліп, одан 300 тоннадан астам сүрлем әзірленді.

Мал азығын дайындауда, әсіресе, Тоқсанбай Темірбековтың бригадасы ерекше көзге түсті. Бригада августтың басында-ақ

8 мың центнер шөп шауып үйді. Олар жоспардан тыс тағы да 1500 центнер пішіннен дайындауға міндеттенген еді. Бұл міндет те аброймен орындалды. Мал фермаларында 170 бастық сыйыр, 170 бастық бұзау және шошқа қоралары салынып бітуде жақын.

—Колхоз алған құрылған 1932 жылғы Ново-Александровканы көрген жоқпын. — деді әңгіме арасында председатель. — Бірақ қарттардың айтуына қызығарлық болмаса керек. Ал көзір қараңыз!...

Төрт көшесі бар үлкен селода бұрынғы жапырайған шым үйлер көкпен-саяқ. Олар әулім көркем үйлерге жол бергенге ұқсайды. Тұрғын үйлер салу жыл сыйып жүрмізделі. Бығыл ғана 12 тұрғын үй салынған.

Колхоз селосын көркейтіп тұрған жалғыз бұл емес. Бұдан 15 жыл бұрын отырғызылған сәулетті ағаштар колхоз көшесіне оң беріп, үйлерді көмкеріп алған. Ал орталықтары радиоторабынан көшелердегі қаз-қатар бағаналар арқылы үйді-үйлерге радио сымдары тарайды. Колхозшылар өз пәтерлерінде Алматы мен Мәскеуден жаңалық хабарлар мен қызықты концерттер тыңдайды.

Әрине, мұның барлығына жастар қосқан үлес те зор, колхозшылар мақтаншына ие болған жастар да көп. Колхозшылардың 40-тан астамы өмірге аяғын жаңа бастап, еңбек қызығын енді көре бастағандар. Соның бірі Балтабаев Бәкіш.

Ата-анасы осы колхоздың іргесін қалаушылардың бірі болған ол жетімдікты бітірісімен колхозда жұмыс істей бастады. Қажырлы еңбек иесі Бәкіш көп кешікпей озаттар қатарына қосылды. Ол үстеміздегі жылдың 8 айы ішінде ғана 450 еңбеккүн тапқан. Немесе Мария Колчинаны алыңыз. Ол, міне, бірнеше жыл қата-

рынан бұзау күтіп келеді, бығыл да 50-ден астам бұзауды аман өсірді.

Вика Кунцман өткен жылы Боголюбовка орта мектебін бітірісімен туған колхозына оралып, осында жұмыс істеуге тілек білдірді. Колхоз басқармасы оны сыйыр фермасына есепші етіп жіберді. Ол бұл жауапты жұмысты ойдағыдай атқаруда. Өйткені колхозшылардың еңбегін есептеу, олардың жұмысын дұрыс бағалай білу аса маңызды іс екендігін ол жақсы біледі. Комсомолка Вика сонымен бірге ферма үгітшісі.

Сара Әбілғапарова, Владимир Кель және басқалары да осындай озат еңбек адамдары, колхоз шаруашылығын өркендету ісінде жосқан үлестерімен күрметке бөленгендер.

—Дегенмен, — дейді Буянский әңгімесін оңай әрі созып, — біздің жастарға көңіл толмайтын жерлеріміз де бар, әсіресе комсомол ұйымының жұмысына. Бұған біз де, партия ұйымы да кінәлі болар. Не қысса да жақсы емес: селода 40-тан астам жас болса, комсомолдар саны 10-нан аз-ақ асады. Комсомол ұйымының секретары Виктор Нельде былайша алғанда еңбек сүйгіш жас, бірақ осы жағын реттей алмай-ақ қойды...

Біз оның бұл әңгімесінің колхозда жастар еңбегіне зор мән берілетіндігін, колхозшылардың оларды колхоздың бұдан да жарқын болашағын жасаушылар, сол болашақтың иелері деп таныттындықтарын аңғардық.

\* \* \*

Бүгін Эрика мен Сара қырманнан бірге қайтты. Құрбы қызының күндегідей емес, сәл жабырқанқы, ойлы келе жатқанын байқап қалған Сара Эриканың өз әдетіне қалжыңға басты.

—Немене, төмеңрай қалғаның, Эрика? Әлде Роберттің хаты сиреп жетті ме?

Сараның айтқан келе жатқан Робертті армия қатарында жүрген осы колхоздың жігіті еді. Оны Эриканың сүйетінін, колхозға оралған соң екеуі қосылмақшы да болғанын Сара ертеден білетін.

Бірақ Эриканы ойға салған хаттың сиреуі емес-ті. Бүгін Роберттен келген хатта ол Эрикадан колхозда болған өзгерістерді сұрапты. Өзі кеткенде салынбақ болған жаңа клуб үйі салынып бітті ме, парк, стадион салмақ едік, ол не болды, электр станциясы әлі жұмыс істеген жоқ па? — депті.

Осылардың бәрін айтқан Эрика енді өзінің ойын ортаға салды.

—Ертең Роберт те, басқалар да келер, сонда мынау біздің салған құрылысымыз еді деп көрсетеріміз қайсы?

—Рас, Эрика, көрсетеріміз аз да, әлі істер ісіміз көп екен-ау, — деді Сара Эриканың ойын құштап.

Бұдан кейін олар алда атқарылуға тиісті нелер істі естеріне алысты. Жаңа клуб, магазин, колхоз парк және басқа да мәдени, қоғамдық құрылыстар салу колхоз жоспарында көрсетілген.

—Тезірек іске асыру керек қой оларды. Оны іске асырар да біз болармыз, ендеше несіне қараймыз? Егін жыйнау бітісімен...

Бұл ойларын ертең барлық жастарға айтпақ болған құрбылар үйлеріне тарасты.

Оларды мазалаған ой сүйгендерінен ұялғандық қана емес, туған колхозының өркендей беруін, оның мәдениеті өсуін ойлаған шын қамқорлықтан туған-ды.

**Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.**

Приешім ауданы,  
Ново-Александровка селосы.



# Советтік „Туапсе“ танкерінің басып алынғаны туралы мәселе жайында

## ТАСС-тың хабары

Бұдан бұрын баспасөзде хабар етілгендей, жағатын керосин тиіс Қытай Халық Республикасына бара жатқан советтік «Туапсе» танкерін Тайвань аралының оңтүстігіндегі АҚШ қарулы күштері бақылайтын ашық суларда 1954 жылғы 23 июньде соғыс корабльдері заңсыз басып алып, қару көзене отырып оны Тайваньдің Гаосюн портына алып кеткен болатын. «Туапсе» танкері экипажының мүшелері Тайвань аралындағы концентрациялық лагерге қамалды. Онда оларға қорлық пен зорлық-зомбылық жерсетілді. Ұрыс соғу және босалғу арқылы голландиялық совет теңізшілерін Отанына қайтудан бастарттырмақшы болды.

ССРО үкметі совет теңізшілерін босату үшін тиісті шаралар қолданды.

1954 жылғы 24 июньден бастап Совет үкметі АҚШ үкметіне хат жолдап «Туапсе» танкерін және оның командасын босату жөнінде шаралар қолдануды өлденеше рет талап етті. «Туапсе» танкерін және оның командасын босату туралы мәселе мұнымен қатар ССРО мен АҚШ-тың басшы қайраткерлерінің кездесулері кезінде де қозғалды.

1954 жылғы 24 августа ССРО Қызыл Крест пен Қызылжұлдыз Қоғамдары

Одағының Атқару комитеті Швецияның Қызыл Крест Қоғамына телеграмма жолдап, онда «Туапсе» танкері экипажының хауіпсіздігін қамтамасыз ету және босату ісінде көмек жерсетуді өтінді. Чанкайшиліктер швед қоғамы өкілдерінің совет теңізшілерімен кездесуіне рұқсат етпеді.

1954 жылғы 23 сентябрьде Совет үкметі француз үкметіне хат жолдап, одан советтік «Туапсе» танкері экипажы мүшелерінің тағдырына қамқорлық жасауды өз міндетіне алып, танкерді экипажымен бірге тез арада босатып Отанына қайтаруға көмек жерсетуді өтінді. Француз үкметінің тапсыруымен Францияның Тайбэйдегі өкілі чанкайшиліктерге тиісті ұсыныс жасады және совет теңізшілеріне жолықты. Ол арқылы совет теңізшілеріне ССРО үкметі жіберген ақша, азық-түлік посылжалары, газеттер мен журналдар тапсырылды.

1955 жылғы июльде «Туапсе» экипажының 29 мүшесі босатылды. Совет үкметінің өтінуі бойынша француз өкметі

орындары Тайваньдан жөнелтілген кезде және Гонконгқа дейінгі жолда «Туапсе» танкерінің экипаж мүшелерінің хауіпсіздігін қамтамасыз етудің шараларын қолданды. Гонконгте совет теңізшілерін ССРО-ның Кантондағы консульствосының өкілдері қарсы алды.

«Туапсе» экипажы мүшелерінің бір бөлегі (20 адам) Тайвань аралында өлі де күшпен ұсталып отыр. Бұған байланысты ССРО-ның Вашингтондағы Елшілігі 1955 жылғы 8 августа АҚШ-тың Мемлекеттік департаментіне өскертпе хат тапсырды, онда «Туапсе» танкері экипажының 20 мүшесі мен танкердің өзінің босатылмай отырған жағдайында Совет үкметі мазасызданады және АҚШ үкметі совет теңізшілері мен танкерді босату үшін қажетті шаралар қолданады деп күтетіні мәлімденді. Мұнымен қатар Совет үкметі Франция үкметіне хат жолдап, одан Тайваньда ұсталып отырған «Туапсе» экипажының мүшелері мен танкерді босатуға бағытталған шараларды оған әрі жүргізе беруді өтінді.

Совет адамдары Тайваньда ұсталып отырған совет теңізшілерінің бәрі босатылады, ал «Туапсе» танкері совет Қаратөңізі Флотының құрамына қайтарылады, деп күтуде.

## „Правданың“ редакциясына

Біздің Совет үкметіміздің күш-жігер жұмысуымен Тайвань аралындағы тұтқыннан босатылған біздер, совет теңізшілері, тұтқында болған кезімізде басымыздан кешірген жантүсірілмей азатан соң бірнеше апта демалғаннан кейін көзгі «Туапсе» танкерін басып алу тарихының қалай болғандығы туралы, сондай-ақ Тайвань аралындағы чанкайшилік өкмет орындарының бізге қалай қарағандығы туралы совет адамдарына айтты беруді өзіміздің борышымыз деп санаймыз.

1954 жылғы 23 июньде Коммунистік Қытай Халық Республикасына бейбіт жүк алып келе жатқан біздің танкерімізді Тайвань аралынан оңтүстіктегі 125 миль жердегі ашық теңізде екі соғыс кораблі: американдық типтегі № 12 эсминец пен № 21 корвет кездестірді. Эсминецтің аты, оның қайда бара жатқанын және қай ұлттық екенін хабарлауды талап етті. Осы сұрақтардың бәрине капитан жауап қайтарғаннан кейін бізге оқ атамыз деп қару көзене отырып, дереу жүрісті тоқтатуымызға бұйрық берілді.

Мұндай әрекеттер мен бейбіт уақытта қару көзнені қорқыту халықаралық заңның ең қарапайым нормаларын өрес-өресімен бұзу болып табылатынын біздің бәріміз де түсіндік. Танкердің капи-

тері бір-бірімен ажыратылды және концлагерьлерге қамалды.

Біздерге совет сауда флотының тоқтам етілген теңізшілері ретінде емес, тұтқындар ретінде қарады. Кейіннен бізге мәлім болғанындай, чанкайшиліктер жергілікті халыққа бұлар орық ұшқыштары, олар Тайвань аралын бомбалауға ұшып келіпті және «ұрыс операциялары» кезінде оларды чанкайшиліктер атып түсіріптіміс деп жариялаған.

Тайваньда болған алғашқы күндерімізден бастап біздер аюандық қорлық көрдік, біздерді азаптады, тамақ бермей ашықтырды. Сурқылы азап пен қорлық көрсету, арандатушылық жасау және сатып алу әдістерін қолданып чанкайшиліктер совет адамдарының сағын сындыруға әрекеттенді. Олар барлық амал-айла қолданып біздерді өз Отанымызға опасыздық жасауға көндірмейші болды. Экипаждың бірқатар мүшелері капитан, сөмекші және басқалары ұзақ уақыт жалғыз қамалда отырды. Экипаждың басқа мүшелерін бірнеше топқа бөлді. Біздерден жеке-жеке шақырып жиі-жиі жауап алып отырды. Біздің әрқайсымыздан әртүрлі анкеталары тоқтыруды, «еркіндік таңдау» дейтін туралы мәлімдемелерге қол коюды талап етті, екінші сөзбен айтқанда, Отанымызға қайтып оралудан бастартуды, Тайваньда қалуы

Чанкайшилік разведканың агенттері жалдаған адамдарының — арандатушылардың көмегімен Совет Одағы Сіздермен бастартты дегенді мыйымызға күймен болды. Бірақ біздің рухымыз бен біздің еркіміз әрдайым Советтік Отан туралы ойды қуаттап отырды. Совет үкметінің бізді қорлықта қалдырмайтынына және бізді тұтқыннан босатудың жолдарын табатынына біз сендік. Біздің тұтқында отырған жерімізге Францияның Тайваньдағы уақытына елшісі келгенде біздің бұл сеніміміз ерекше нығая түсті. Біз одан Совет үкметі Франция үкметіне хат жолдап, біздің тағдырымызға қамқорлық жасауды өз міндетіне алуды және біздің босатылуымызға көмек жерсетуді өтінгенін естіп білдік. Совет үкметі бізді ақшамен, азық-түлік посылжаларымен, совет әдебиетімен жабықтырды.

Өзіміздің туған жерімізде және совет адамдарының үлкен семьясында тағы да болып отырғанымыз үшін біздер өзіміздің туысқан Совет үкметімізге жалынды алғыс сезімімізді білдіреміз. Біз мұнымен қатар босатылуымызға көмектескен француз өкмет орындарының өкілдеріне, сондай-ақ Қызыл Кресттің Швед Қоғамына және біздерге азап көрсетуге қарсы наразылық білдірген барлық елдердің жұртшылығына және Тайваньдағы тұтқынға түскен басқа елдердің халықтарына

# Совет жас жұмысшылары мен комсомол қызметкерлері делегациясының Қытай Халық Республикасына жүріп кетуі

Қытай жастарының Жаңа демократиялық одағының шақыруы бойынша совет жас жұмысшылары мен комсомол қызметкерлерінің делегациясы Москвадан Қытай Халық Республикасына жүріп кетті.

Делегацияның құрамында Воргута станциясы паровоз депосының машинисі В. С. Бескровный, «Красное Серьво» заводындағы БЛЖО Орталық Комитетінің көзөргі В. Ф. Богатиков, Магнитогорскінің Сталин атындағы металлургия комбинатының болат балқытушысы Г. В. Колесников, Казакстан ЛКЖО Алматы облыстық комитетінің секретары К. Г. Ахметов, Чкалов жібек комбинатының текымашысы А. Д. Кудряшева, Л. М.

Баганович атындағы бірінші мемлекеттік подшипник заводының шифершісі А. Е. Овчарова, БЛЖО Хабаровск өлкелік комитетінің секретары Г. Б. Шетини, Ленинградтың Сталин атындағы заводтың токарі В. П. Федоров «Қарағанды-уголь» комбинаты көмір комбинатының машинисі Г. С. Шейн және басқалары бар.

Делегацияны БЛЖО Орталық Комитетінің секретары В. И. Залужный бастап апарды.

Совет жастарының өкілдері өнеркәсіптің жас озаттарының бірінші Бүкілқытайлық конференциясына қатысады және жұмыс тәжірибелерімен алмасады.

## Өзінің Совет Одағына барған сапары туралы Дания ауыл шаруашылығы министрінің пікірі

КОПЕНГАГЕН, 18 сентябрь. (ТАСС). Барлық газеттер бүгін Совет Одағында болған ауыл шаруашылығы министрі Смеружның және Дания ауылшаруашылық делегациясының басқа мүшелерінің Москвадан қайтып оралуына баса көңіл бөлуде. Смеруж шөлін түскеннен кейін Совет Одағына барған сапарының өте сабақ аларлықтай болғандығын айтты және тау уақытта Данияға арнаулы совет ауылшаруашылық делегациясын шақыру туралы өзінің үкметке ұсыныс жасай-

тымығын мәлімдеді. Смеруж өзіне Москвадағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық жәрмесінің зор әсер қалдырғандығын әңгімелеп берді, деп жазады «Ланд оф фольк» газеті. Ол сонымен бірге совет ауылшаруашылық ұйымдарының меймандостығын атап көрсетті.

Смеруж, өзінің пікірінше, ССРО мен Дания арасында сауданы өркендету үшін зор мүмкіндіктердің бар екендігін атап өтті.

## Польшада кен өнеркәсібі үшін кадрлар даярлау

ВАРШАВА, 17 сентябрь. (ТАСС) Польшаның өркендеп отырған кен өнеркәсібі маман кадрлар талап етуде. Кәзіргі уақытта елде 3 жоғары және 19 орта дәрежелі кен оқу орындары, сонымен бірге 70-ге жуық кен өнеркәсіп мектептері бар. Сол сияқты, 2 ғылыми-зерттеу институты құрылып, олар көмір өнеркәсібін өркендету проблемаларымен шұғылданады. Соғыстан бұрынғы мерзімде Польшада барлығы бір ғана жоғары және үш орта мен мектебі бар еді.

Кен кадрларын — инженерлерді Кравовтағы кен өнеркәсібі академиясы, Гливицадағы Силезия политехникалық институтының кен бөлімшесі және Сталино-грудтегі инженерлік жоғары мектеп даярлап шығарады.

Кәзіргің өзіңде 35 жыл өмір сүріп отырған Кравовтағы кен металлургия

академиясы өз бейнесін бүтіндей өзгертті. Соғыстан бұрынғы жерінде академияда небары екі факультет ғана бар еді, кәзір мұнда әртүрлі мамандықтағы кен инженерін даярлайтын 8 факультет бар. Халықтық өкмет жылдарында академияда жүзге жуық жаңа ғылыми-зерттеу лабораториялары мен кабинеттері құрылды, профессорлар мен оқытушылар саны 6 еседен астам асты.

Жұмысшыларды тікелей шахтада мамандандырып үйрету ісі кең қанат жайды. Мастерлер мен бригадирлер мектептерінің жүйесі, сонымен бірге мамандығы жоқ жұмысшыларды оқыту жөніндегі курстар құрылды. Мысалы, тек Силезиядағы «Семяновице» шахтасының өзіне ғана соңғы төрт жыл ішінде 5 мыңнан астам шахтерлар даярланып шығарылды.

## Жапонияда америка базаларына қарсы күрес

ПЕКИН, 17 сентябрь. (ТАСС) Жапон империализмінің қолындағы америка базаларына қарсы күрес

## БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ОНЫНШЫ СЕССИЯСЫНА БАРАТЫН ССРО ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МОСКВАДАН НЬЮ-ИОРККЕ ЖҮРІП КЕТУІ

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының оныншы сессиясына баратын Министрлер Советі Председателінің Бірінші орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов бастаған ССРО делегациясы 17 сентябрьде Москвадан Нью-Йоркке жүріп кетті.

## СОВЕТ ОДАҒЫНА АРНАЛҒАН ЖАҢА НЕМЕ

КОПЕНГАГЕН, 17 сентябрь. (ТАСС). Данияның «Бурмейстер өг вайн» фирмасының верфінде Совет Одағының заказы бойынша жасалған жаңа рефрижератор көше суға түсірілді.

## КАРАЧИДЕ ҮШІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІП КӨРМЕСІНІҢ АШЫЛУЫ

КАРАЧИ, 18 сентябрь. (ТАСС). Кеше Карачиде үшінші халықаралық өнеркәсіп көрмесі ашылды, оған 13 ел, соның ішінде Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы, Чехословакия, Югославия, АҚШ, Англия, Индия, Жапония тағы басқа елдер қатысады.

Совет павильонында жоғары өнімді металл кескіш станоктар, электр жабдықтары, оптика құралдары, дәл электр өлшеуіш приборлар, жол құрылысы машиналары, жөңіл және жүк автомашиналары әртүрлі ауылшаруашылық машиналары тағы басқалары қойылған.

## Село физкультуршыларының төртінші бүкілқазақстандық спартакиадасы

16 сентябрьде Алматыда село физкультуршыларының төртінші бүкілқазақстандық спартакиадасы ашылды. Астана республиканың 15 облысының селолары мен ауылдарынан 800-ге жуық таңдаулы спортшылар жыйналды. Олар жеңіл атлетика, суда жүзу, велосипед спорты, классикалық күрес және мылтық атудан бірінші орын алу үшін жарысады. Спартакиада программасына сонымен бірге футболшылар мен волейболшылардың жарысы да кіргізілген. Бұл жарыстар Шымкент пен Жамбылда болды. Футбол коллективтерінің арасында Оңтүстік Қазақстан облысының Ильичев, Түлкібас және Шымкент аудандарының село спортшыларынан құрылған команда ең күшті болып шықты. Волейболшылар арасында ерлер командасы бойынша Жамбыл облысының, әйелдер командасы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының спортшылары бірінші орынды жеңіп алды.

«Спартак» стадионы үстінде спорт залдары желбіреуде. Жүгіру жолдарында 5 мың метрге жарысушылар. Ал-



таңда ашық кеңізде сауда кемесіне мұндай күш көрсетуге қарсы батыл наразылық білдіретінін мәлімдеді.

Бұған жауап ретінде чанкайшиліктер соғыс қорабьдерінің бірінен совет танкеріне қарай бірнеше оқ алты. Осы кезде екінші соғыс қорабі «Туапсе» оның сол жақ борты тұсынан жақындап келіп, зеңбірегін көздеі бастады. Танкерге кіші калибрі зеңбіректерден тағы да бірнеше рет оқ атылды. Соғыс қорабіндегілер шапшаңды әскериікке жеткізідер деп талап етті. Оның үстіне жарлықты орындамасандар танкер құрылды, деп қорқытты.

Қарулы күшке лажсыз көнген капитан танкердің жүрсіні тоқтатып, өз көмекшілерінің бірін кеміссөздер жүргізу үшін әскериікке жіберді. Чанкайшиліктер капитанның көмекшісіні ұстап алып, қолаяғын байлап, оған қорлық көрсете бастады. Совет танкерінің бортына 45 адамнан құралған қарулы десант түсірілді. Олар біздерге қарсы найзаларын, автоматтарын жезенді, гранаттарымен қорқытты. Көп ұзамай екінші борттан танкерге 40 адамнан құралған тағы да бір десант түсірілді. Команда мүшелеріне қару қолданып, олар кеменің қызы мүйісіне күшпен айдап ашара бастады. Танкер тұрған ауданның үстінде 5—6 самолет ұшып жүрді. Чанкайшилік теңіз қараңшылары танкерді толық басып алып, оны Тайваньнің Гаосюн портына алып кетті. Мұнда танкердің жүгі түсірілді, ал күшпен тоқтап етіленіне қарсы наразылық білдіру ретінде аштық жариялаған команданы қарулы күш қолданып жағаға шығарды, экипаж мүше-

немесе АҚШ-қа баруды талап етті, мұнда ақша, виллалар, автомашиналар, шарап және әйелдер бермекші болып үде етті. Жауап алу кезінде экипаждың әрбір мүшесіне ол Тайваньда жалғыз қалды, экипаждың барлық мүшелері әлдеқашан «бостандықты таңдап алды», сөйтіп Америкаға кетіп қалды, ал «Туапсе» капитанының өзі онда американы әйелге үйленді, деп мәлімдеді.

Әрине, біз совет адамдарына күйе жаққан бұл жалаға сенгеніміз жоқ және мұндай жексұрын ұсыныстарға өзіміздің ызаланатынымызды білдіріп отырдық. Біздің наразылықтарымызға қарсы жауап ретінде чанкайшиліктер біздерге неше түрлі қорлық пен зорлық-зомбылық көрсетті. Мысалы, экипаждың екі мүшесін тыр жалаған шешінірін қала жөшелермен өткізді, ал жолдастарымыздың біреуін осы жалаған күйінде 72 күн ұстады, экипаждың мүшесі Вороновқа электр тоғимен азап көрсетілді.

Чанкайшилік жексұрындардың бізге көрсеткен барлық зорлық-зомбылығын, қорлықтарын есебі түсірудің өзі бізге әрі қиын, әрі ауыр. Бізге «бостандық таңдап алуды», «саяси баспана беруді» таңбақшы болып қолданған әдістері туралы өте ұзақ өңгімелеуге тура келер еді. Осы азаптардың бәрі өз әсерін тигізді. Танкер экипажының барлық мүшелері СССР-дан сапарға шығар алдынан медициналық байқаудан өткен болатын. Экипаж мүшелерінің бәрінің де денсаулығы жақсы еді. Біздің қатарымызда науқас немесе денсаулығы кем бірде-бір адам болған жоқ. Ал қазір біз барлығымыз да денсаулықтан айрылып қайттық.

ықылас білдіреміз. Туған астананың, туған жердің және біздің туған қаламыз Одессаның бізді жылы сезіммен қарсы алғаны жүрегімізді төбрентті.

Отанға қайтып келген біздер, бірақ, өзіміздің 20 жолдасымыздың әлі де Тайваньда күшпен ұсталып отырғандығын ұмытпа алмаймыз. Чанкайшиліктер оларды «осында баспана берілуін өтінуге ниеттенеді-міс» деген арандатушылық сылтаумен ғана әлі жібермей отыр. Бірақ біздің тобымыз жүрек алдынан ешқайсымызға да команданың басқа мүшелерімен кездесуімізге мүмкіндік берілмеді. Чанкайшиліктер шындықтан қорықты, ал бұл шындықтың мәні мынада: осы кезге дейін Тайваньда тоқтап етіп отырғылған барлық совет теңізшілері өзіндік Отанына қайтуды тілейді.

Тайваньда тоқтап етіліп отырған барлық совет теңізшілері босатылуға тиіс. Біздің «Туапсе» танкеріміз де жұмыс істейтін совет сауда флотының қатарына қайтарылуы тиіс.

«Туапсе» танкері экипажының Совет Оларына қайтып оралған мүшелері тобының тапсыруымен:

- «Туапсе» танкерінің капитаны **В. КАЛИНИН,**
- Капитанның бірінші көмекшісі **Д. КУЗНЕЦОВ,**
- Аға механик **А. БЕСПАЛОВ,**
- Электромеханик **М. ЗАКУРДАЕВ,**
- Моторист **Н. ВОРНОВ,**
- Матрос **И. ПАВЛЕНКО,**
- Буфетші **О. ПАНОВА,**
- Радиот **М. БОЛТУНОВ,**
- («Правдадан»).

радиосының хабарлауына қарағанда, Токиода көше ашылған американы базаларына қарсы жүрестің ұлттық конференциясы өз жұмысын одан әрі жүргізуіне.

Бүгін конференцияның 80-ге жуық делегаттары Сунакава қаласында болды, бұған тауу жерде американдық Тацикава авиабасасы орналасқан. Делегаттар бұл базаның ұлғайтылуына қарсы жергілікті тұрғындар ұйымдастырған наразылық митингісіне қатысты.

Сунакава қаласының мэрі және американы базалары орналастырылған Жапонияның өртүрлі аудандарынан келген делегаттар өздерінің сөздерінде американы соғыс базаларының ұлғайтылуына қарсы жүресуші барлық адамдардың тығыз-

## Ағылшын парламентінің депутаты Англияның соғыс шығындарын азайтуға шақырады

ЛОНДОН, 17 сентябрь. (ТАСС). Күюшылар кәсіподағының органы «Фаундри уоркере джорналдің» кезекті номерінде лейборист-парламент мүшесі Фрэнк Аллон халықаралық шиеленісті боседетуге көмектесетін совет шараларына Англияның жауап беруіне шақырады.

Совет үкметі жүргізіп отырған СССР қарулы күштерінің санын азайту және совет әскерлерін Австриядан өкету туралы есебі салып, Аллон Англияның үлесі қандай болар еді деген сұрақ берен. Аллонның шікірінше, Англия, біріншіден

Митингіке қатысушылар қарар қабылдап, онда өздерінің қол ұстасып туған жерін қорғауға шығатындықтарын айтқан.

ШЕКИН, 17 сентябрь. (ТАСС). Жапон радиосының хабарлауына қарағанда, бүгін Отаканэ ауданында (Ямагата префектурасы) американы соғыс полигонын ұлғайтуға байланысты жұмыстарға бөгет келтіруге әрекет еткен жергілікті тұрғындар мен полицияның арасында жапандан соқтығыс болып өткен. Соқтығысқа 500-ге жуық шаруалар және 200-ден астам полицейліктер қатысқан. Бірнеше адам жараланды. Полиция тұтқындау жүрсеңді.

әскери қызмет мерзімін қысқартуға, екіншіден, қарулануға кететін шығындарды «шұғыл азайтуға» және үшіншіден, сутегі бомбасын әзірлеу жөніндегі үкмет қарарын өзгертуге тиіс.

Аллон одан әрі былай деген: «елдің экрномикасының орасан шиеленісінің негізгі себебі қарулану проблемасының жұмысшы күші мен ресурстарға шектен тыс көрекінуі болып табылады». Күюшылар соғыс ісі үшін емес, бейбітшілік ісі үшін жұмыс істеуді ұнатар еді, деп жазады қорытындысында Аллон.

## Англиядағы ереуіл қозғалысы

ЛОНДОН, 17 сентябрь. (ТАСС). Ағылшын еңбекшілері өз праволары жолындағы табанды жүресті әлі де тоқтатқан жоқ. Мәселен, баспасөздің хабарлауы бойынша, көше «Метл бокс компани лимитед» фирмасы заводының 2 мың жұмысшысы ереуіл көтерді. Жұмысшылар бұл ереуілді өз жолдастарының әділетсіз жұмыстан шығарылуына қарсы наразылық ретінде жариялады. Соңғы 18 жыл ішінде завод өз жұмысын алғашқы рет толық тоқтат-

ты. Ливерпульде буксир кемелерінің жұмысшылары ереуіл көтерді. Ереуіл көтерушілер үстіміздегі жылғы майда өткізілген ереуілдің тоқтатылу жағдайын әкімшілік орнының дұрыс түсіндірмеуіне қарсы наразылық білдіруде, ал бұл жағдайды жұмысшылар ұсынып, кәсіп иелері қабыл алған болатын. Ереуілдің салдарынан Ливерпуль портында бірнеше кеме қарап тұр.

## Венгрия гидрографтары конференциясының аяқталуы

БУДАПЕШТ, 18 сентябрь. (ТАСС). Будапеште Венгрия гидрографтарының конференциясы аяқталды. Басқалармен бірге конференцияда сонымен қатар совет ғылыми техникалық ғылымдардың докторы М. Ф. Мендель сөз сөйледі. Венгрия Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Э. Мешонья конференцияны жұмысын қорытындылап, гидрографиялық

зерттеулер саласындағы венгер ғалымдарының бұдан былайғы міндеттерін белгілеп берді. Ол Дунай бассейнінде гидрография мәселелерімен айналысушы ғылыми институттар арасында гидрография жөніндегі арнаулы әдебиеттер алысуы ұсынды, сонымен бірге басқа да бірсыпыра ұсыныстар енгізді.

## АЛБАНИЯДА МЕДИЦИНА КАДРЛАРЫНЫҢ ӨСУІ

ТИРАНА, 18 сентябрь. (ТАСС). 1938 жылғымен салыстырғанда өзін Албанияда дәрігерлер екі есе дерлік, фельд-

шерлер 7,5 есе, акушерлер 6,5 есе және медициналық сестралар 12,5 есе өсіп отыр.

рашқы кезде жұтарушылар тізбегін көкшетау облысы «Баррикада» совхозының механизаторы Александр Максимов бастады. Бұдан кейін Қарағанды облысының тың жерлерінде үстіміздегі жылы құрылған Тасжует астық совхозының тракторшысы Сергей Боробов лидер болды. Ол тәжірибелі жеңіл атлетші.

Сергей Боробов 16 минут 30 секунд уақытпен сөреге бірінші болып келді.

Көкшетаулық колхозшы әйел Таисия Деменская лақтырған ядро бәрінен ұзаққа барып тұқты. Қарағанды облысы Осакаровка МТС-нің көмбайшысы Владимир Бахарев диска лақтырудан бірінші орынға ие болды.

Су спортының сүйшілері суда жүзуден Қазақстанның селө жастары арасындағы чемпиондарды құттықтады. Бұлар—Шығыс Қазақстан облысы Таврика ауданындағы Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшысы Лидия Сташкова мен Алматы облысы Іле ауданындағы «Первое мая» колхозынан келген жүзгіш Александр Балдычев еді. Олар 100 метрге өркін стилімен жүзде озып шықты. А. Балдычевтің уақыты бірінші разрядтың нормасына жақындайды.

16 сентябрьде мылтық ату шеберлері жүреске түсті. Бірінші жаттығуда 50 метр жерге жатып, тізеден отырып және түрегеп тұрып атуда А. Харитонов (Алматы облысы) жақсы нәтижеге жетті. Ол мүмкіндігі бар 600 ұнайды 502 ұнай алды.

«28 гвардияшы - панфиловшылар» атындағы парктің ашық эстрадасында бұл күні классикалық жүрестен жарыс басталды. Кілем үстінде 40 рет айқас болды. Жамбылдық балуан Назиль Байрамуқов үздік техника көрсетті. Өзімен ұстасқан И. Мұқашевты (Қарағанды облысы) жығу үшін оған небары 90 секунд уақыт кетті.

(ҚазТАГ).

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЖОЛ»

Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ГАСПАРОНЕ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

## СЕАТО өкілдерінің Маниладағы кеңесі

НЬЮ-Йорк, 17 сентябрь. (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарлауы бойынша, СЕАТО өлдері (Оңтүстік-Шығыс Азияға арналған соғыс блогі, оған АҚШ, Англия, Франция, Филиппины, Таиланд, Пакистан, Австралия мен Жаңа Зеландия кіреді) әскери штаттары өкілдерінің алты күнге созылған құшы кеңесі бүгін Манилада аяқталды. Бұл кеңесте Оңтүстік-Шығыс Азия

елдеріндегі «бүліншілік әрекеттерімен» яғни бұл елдердегі ұлт-азаттық қозғалыстарымен күрес туралы мәселелер талқыланды. Тілшінің хабарлауына қарағанда, кеңес кезінде болған алауыздықтардың салдарынан аталған мәселені 1 ноябрьде Гополулуда ашылатын СЕАТО советінің кеңесінде талқылау ұйғарылды.

## КХДР-да шахтер күні

ПХЕНЬЯН, 18 сентябрь. (ТАСС). Көрпай Халық Демократиялық Республикасында бүгін алғашқы рет шахтер күнін атап өтті. Баспасөз республикада көмір өнеркәсібінің өркендеуі туралы, жемшілордің еңбектегі жеңістері туралы, олардың материалдық ал-ауқаты мен мәдени дәрежесінің арттырылуы туралы шахтерлер мерекесіне өртүрлі материалдар арнауда. Уақытына бітім жасалғаннан кейінгі уақыт ішінде республикада соғыс

жылдарында бүлінген көптеген шахталар қалпына келтірілді және қатарға қосылды. Көмір шахталар қазіргі заманғы механизмдермен жабықталған. Техникалық мектептер жүйесінің ұлғайтылуы нәтижесінде көмір өнеркәсібіндегі мамандар саны 1953 жылғымен салыстырғанда 3,5 есе өсті. Көмір өндіру ұдайы арттырылуда. 1955 жылдың алғашқы жарты жылында 1953 жылғы осы мерзіммен салыстырғанда көмір өндіру 6 есе өсті.

## ҚХР МЕМЛЕНЕТТІК СОВЕТІНІҢ ПЛЕНУМ МӘЖЛІСІНДЕ

ПЕКИН, 18 сентябрь. (ТАСС). Синьхуа агенттігінің хабарлауы бойынша, 16 сентябрьде Қытай Халық Республикасы мемлекеттік Советінің пленум мәжлісі өткізілген. Мәжлісте ҚХР-да әскери міндет туралы заң негізінде 1955 жылға армияға шақыру туралы Указ қабылданды.

Мәжлісте әскери қызметте үздік кезге түскен Халық азаттық армиясының офицерлері мен солдаттарын ордендермен наградау туралы мәселе талқыланды, армияға киімнің жаңа түрін, сонымен бірге өртүрлі әскери бөлшектерінің погондарын, петлицалары мен эмблемаларын енгізу туралы жағдай мақұлданды.

Мәжлісте сонымен бірге Ішкі Монғолия автономия облысында халықтық комитеттер мен барлық дәрежедегі халық өкілдерінің жыйналысын құру туралы заң жобасы қабылданды. Бұл заң жобаларын халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы Турақты комитетінің мақұлдауына тапсыруы ұйғарылды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01724.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.